

Коллекторлық қызмет туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2017 жылғы 6 мамырдағы № 62-VI ҚРЗ.

Қолданушылар назарына!

Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 22-баптан қараңыз.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "ақпараттандыру объектілері" деген сөздер "цифрлық объектілер" деген сөздермен ауыстырылды – ҚР 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Осы Заң коллекторлық қызметті жүзеге асыруға байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді, коллекторлық агенттіктерді құрудың, олардың қызметінің ерекшеліктерін белгілейді, сондай-ақ коллекторлық агенттіктерді мемлекеттік реттеудің, олардың қызметін бақылаудың ерекшеліктерін айқындайды.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша берешек (бұдан әрі – берешек) – банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша борышкердің кредитор алдындағы негізгі борышты, сыйақыны, комиссияларды, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу жөніндегі міндеттемелері;

2) борышкер – банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамауға немесе тиісінше орындамауға жол берген жеке немесе заңды тұлға;

3) есептік тіркеу – коллекторлық қызметті жүзеге асыруға ниеті бар заңды тұлғаны коллекторлық агенттіктер тізіліміне енгізу;

4) коллекторлық агенттік - коллекторлық агенттіктер тізіліміне енгізілген, коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға;

5) коллекторлық агенттіктер тізілімі – коллекторлық қызмет сала сындағы уәкілетті органның коллекторлық агенттіктерінің бірыңғай тізбесі;

6) коллекторлық қызмет - коллекторлық агенттіктің берешекті сотқа дейін өндіріп алуға және реттеуге, сондай-ақ берешекке байланысты ақпарат жинауға бағытталған қызметі;

7) коллекторлық қызмет саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік орган;

8) кредитор – берешек бойынша борышкерге талап ету құқығы бар екінші деңгейдегі банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым немесе микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым.

9) сервистік компания – құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шарты шеңберінде банктік қарыз шарты, микрокредит беру туралы шарт бойынша, құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару бойынша, оның ішінде:

банктік қарыз шартының, микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуге; өзімен құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шарты жасалған тұлғаның мүдделерін сотта білдіруге;

борышкерден ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті қабылдауға;

осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және (немесе) құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шартында көзделген өзге де өкілеттіктерге қатысты өкілеттіктерге ие стрестік активтерді басқару жөніндегі еншілес ұйым, коллекторлық агенттік.

Ескерту. 1-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.07.2022 № 133-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.01.2026 № 259-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының коллекторлық қызмет туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының коллекторлық қызмет туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Осы Заңда реттелмеген бөлігінде коллекторлық агенттіктерге "Шаруашылық серіктестіктері туралы" және "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы заңдарының күші қолданылады.

3. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда қамтылғаннан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

2-1-бап. Коллекторлық қызмет саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаты, міндеттері мен қағидаттары

1. Коллекторлық агенттіктер қызметінің құқықтық негіздерін белгілеу коллекторлық қызмет саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаты болып табылады.

2. Коллекторлық қызмет саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) коллекторлық агенттіктер қызметінің стандарттарын белгілеу;

2) коллекторлық агенттіктердің борышкермен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт шеңберіндегі міндеттемелерге байланысты үшінші тұлғамен өзара іс-қимыл жасау тәртібін белгілеу;

3) борышкерлердің және (немесе) олардың өкілдерінің және (немесе) банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт шеңберіндегі міндеттемелерге байланысты үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету.

3. Коллекторлық қызмет саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1) коллекторлық агенттіктер қызметінің ашықтығы;

2) коллекторлық агенттіктердің қызметін реттеу және бақылау стандарттарын, әдістерін арттыру;

3) коллекторлық агенттіктердің жауапкершілігі.

Ескерту. 1-тарау 2-1-баппен толықтырылды – ҚР 30.06.2025 № 205-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-тарау. КОЛЛЕКТОРЛЫҚ АГЕНТТІКТІ ҚҰРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

3-бап. Коллекторлық агенттік

1. Коллекторлық агенттік шаруашылық серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылады.

2. Коллекторлық агенттіктің атауында міндетті түрде "коллекторлық агенттік" деген сөздер қамтылуға тиіс. Коллекторлық агенттіктің атауын қысқартуға жол берілмейді.

Коллекторлық агенттіктің атауында "ұлттық" немесе "республикалық" немесе "орталық" деген сөздер кез келген тілде толық немесе қысқартылған түрде болмауға тиіс.

Коллекторлық агенттіктер тізіліміне енгізілмеген заңды тұлға коллекторлық қызметті жүзеге асыруға, өзін коллекторлық қызметпен айналысушы ретінде сипаттауға, сондай-ақ өз атауында "коллекторлық агенттік" деген сөздерді, олардан туындайтын, өзін коллекторлық қызметті жүзеге асырады деп болжататын сөздерді пайдалануға құқылы емес.

2-1. Коллекторлық агенттік "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабына сәйкес басқа коллекторлық агенттікке үлестес болып табылмауға тиіс.

3. Бірде-бір тұлға, егер ол:

1) уәкілетті органға өзі туралы және осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген тұлғаның жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің не орналастырылған (артықшылықты және қоғам сатып алған акцияларды шегере отырып) акцияларының жиырма бес пайызынан астамын тікелей немесе жанама иеленетін және (немесе) пайдаланатын және (немесе) оларға билік ететін жеке тұлғалар, сол сияқты көрсетілген тұлғаны бақылауды жүзеге асыратын жеке тұлғалар туралы ақпаратты ашпаса;

2) жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар жеке тұлға болып табылса;

3) құрылтайшысы (акционері, қатысушысы) не басшы жұмыскері бұдан бұрын, уәкілетті орган коллекторлық агенттікті осы Заңның 9-бабы 1-тармағы бірінші бөлігінің 1), 4), 5), 6), 7), 9) және 10) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша коллекторлық агенттіктер тізілімнен шығару туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде осы коллекторлық агенттіктің бірінші басшысы немесе құрылтайшысы (қатысушысы) болған заңды тұлға болып табылса;

4) тізбесін уәкілетті орган белгілейтін оффшорлық аймақтарда тіркелсе, тұрғылықты жері немесе орналасқан жері болса, коллекторлық агенттіктің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің он немесе одан көп пайызын дербес немесе басқа тұлғамен (тұлғалармен) бірлесіп тікелей немесе жанама түрде иелене және (немесе) пайдалана және (немесе) оларға билік ете немесе бақылау жасай алмайды.

4. Коллекторлық агенттіктің құрылтайшылары құрылатын коллекторлық агенттіктің жарғылық капиталының ең төмен мөлшерін оны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) кезінде толық төлеуге міндетті.

Коллекторлық агенттіктің жарғылық капиталының ең төмен мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Коллекторлық агенттіктің жарғылық капиталы тек Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы ақшамен ғана қалыптастырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-тармақ жаңа редакцияда көзделген – ҚР 16.01.2026 № 259-VIII (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5. Коллекторлық агенттік банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым жеке тұлғамен жасасқан банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды (талаптарды) сатып алған жағдайда банк омбудсманының офисіне міндетті жарналарды төлеуге міндетті.

Коллекторлық агенттік микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым жеке тұлғамен жасасқан микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талаптарды)

сатып алған жағдайда микроқаржы омбудсманының офісіне міндетті жарналарды төлеуге міндетті.

Ескертпелер.

1. Осы Заңның мақсаттарында заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін не орналастырылған (артықшылықты және қоғам сатып алған акцияларды шегере отырып) акцияларын жанама иелену және (немесе) пайдалану және (немесе) оларға билік ету деп басқа заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін) иелену (дауыс беру) арқылы заңды тұлғаның шешімдерін, заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің он немесе одан да көп пайызын иеленетін және (немесе) пайдаланатын және (немесе) оларға билік ететін тұлғаның немесе бірлесіп осындай тұлғалар болып табылатын тұлғалардың шешімдерін айқындау мүмкіндігі түсініледі.

2. Осы Заңның мақсаттарында заңды тұлғаны бақылау (бақылау) деп заңды тұлға қабылдайтын шешімдерді айқындау мүмкіндігі түсініледі.

Ескерту. 3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 24.05.2021 № 43-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 179-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.01.2026 № 259-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-бап. Коллекторлық қызметті жүзеге асыру негіздері

1. Коллекторлық қызмет өзінің нысанысы кредиторға берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу бойынша, сондай-ақ берешекке байланысты ақпарат жинау бойынша қызметтер көрсету болып табылатын шарт (бұдан әрі - берешекті өндіріп алу туралы шарт) негізінде жүзеге асырылады.

Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына сәйкес коллекторлық агенттіктің үлестес тұлғалары болып табылатын кредиторлармен коллекторлық агенттіктің берешекті өндіріп алу туралы шарт жасасуына тыйым салынады.

Коллекторлық агенттіктің "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына сәйкес коллекторлық агенттіктің үлестес тұлғасы болып табылатын жеке сот орындаушысымен атқарушылық құжатты орындау шарттары туралы келісім (шарт) жасасуына тыйым салынады.

Коллекторлық агенттіктің "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына сәйкес коллекторлық агенттіктің үлестес тұлғасы болып табылатын нотариусқа нотариаттық іс-әрекеттер жасау үшін жүгінуіне тыйым салынады.

2. Коллекторлық қызмет берешек туындаған жағдайда және қарыз алушы банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алуға жол берген кезде банктік қарыз шартында немесе микрокредит беру туралы шартта кредитордың коллекторлық агенттікті тартуға құқығы болған жағдайда жүзеге асырылады.

3. Коллекторлық агенттік пен кредитор арасында берешекті өндіріп алу туралы шарт жазбаша нысанда жасалады және онда, оның ішінде мынадай талаптар:

- 1) тараптардың құқықтары мен міндеттері;
- 2) тараптардың жауапкершілігі;
- 3) борышкердің – жеке тұлғаның жеке басын сәйкестендіруге мүмкіндік беретін деректері;
- 4) заңды тұлғаға қатысты атауы, тұрған жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 5) берешектің мөлшері;
- 6) берешектің құрылымы (негізгі борыштың, сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасы);
- 7) бар болған жағдайда, банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша кепілгер немесе кепілдік етуші туралы мәліметтер;
- 8) бар болған жағдайда, егер банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша кепіл құқығы тіркелуге жатса, кепіл нысанасы туралы мәліметтер;
- 9) шарт бойынша сыйақы мөлшері;
- 10) шарттың қолданылу мерзімі;
- 11) кредитордың коллекторлық агенттікті борышкердің бұдан бұрын жүргізген төлемдері және (немесе) берешек сомаларының өзгеруі туралы хабардар ету (хабарлау) тәртібі мен мерзімдері;
- 12) коллекторлық агенттіктің берешекті өндіріп алу туралы шарттың орындалу барысы туралы ақпарат беру тәртібі;
- 13) осы Заңның 9-бабы 5-тармағы бірінші бөлігінің төртінші абзацында көзделген жағдайда, берешекті өндіріп алу туралы шартты бұзу тәртібі мен мерзімдері, сондай-ақ құжаттарды қайтару тәртібі мен мерзімдері;
- 14) борышкерге қатысты коллекторлық қызметті мерзімінен бұрын тоқтату тәртібі мен талаптары қамтылуға тиіс.

Берешекті өндіріп алу туралы шарт осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ақпаратты қамтуға тиіс борышкерлер тізілімін (тізілімдерін) қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда бере отырып, бір немесе бірнеше борышкерге қатысты жасалуы мүмкін.

Берешекті өндіріп алу туралы шартқа сондай-ақ берешекті өндіріп алу туралы шарттың орындалуына байланысты берілетін құжаттар мен борышкер жөніндегі мәліметтер тізбесі, мерзімі өткен берешекті реттеу бойынша борышкерге қатысты кредитор қабылдаған, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шаралар

жөніндегі ақпарат қоса беріледі. Ақпарат банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт шеңберінде міндеттемелерді орындамаудың немесе тиісінше орындамаудың соңғы күнінен бастап берешекті коллекторлық агенттікке бергенге дейінгі кезең үшін көрсетіледі.

Берешекті өндіріп алу туралы шарт бойынша берешекке қатысты коллекторлық қызмет жөніндегі қызметтерді көрсету мерзімі алты айдан кем болмауға және бес жылдан аспауға тиіс.

Осы Заңда не берешекті өндіріп алу туралы шартта көзделген жағдайларда, сондай-ақ:

1) борышкер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған;
2) борышкер қайтыс болған;
3) борышкер Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кеткен;
4) коллекторлық агенттік коллекторлық агенттіктер тізілімінен шығарылған;
5) борышкер банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша кредитор алдындағы міндеттемесін орындаған;

6) осы Заңның 15-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайларда, борышкерге қатысты коллекторлық қызметті мерзімінен бұрын тоқтатуға жол беріледі.

Берешекті өндіріп алу туралы шарт шеңберінде коллекторлық агенттікке берілген берешек басқа коллекторлық агенттікке беріле алмайды.

Берешекті өндіріп алу туралы шартқа осы Заңда реттелмеген мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің тапсыру және қызметтерді өтеулі көрсету туралы ережелері қолданылады.

4. Алып тасталды – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 179-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 205-VIII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

5-бап. Коллекторлық қызметті жүзеге асыру қағидалары

1. Коллекторлық агенттік борышкермен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт шеңберінде кредиторға міндеттемелері арқылы байланысты болатын үшінші тұлғамен:

1) коллекторлық агенттіктің борышкерлермен байланыс жасауға арналған телефон нөмірлерінен телефон арқылы сөйлесулер;
2) жеке кездесулер;

3) жеке тұлғаға - борышкерге тұрғылықты жері (заңды мекенжайы) бойынша, заңды тұлғаға - борышкерге тұрған жері (нақты мекенжайы) бойынша жіберілетін жазбаша (пошталық) хабарламалар;

4) ұялы байланыс бойынша мәтіндік, дыбыстық және өзге де хабарлар жіберу тәсілімен;

5) Интернет желісі арқылы өзара іс-қимыл жасасуға құқылы.

2. Коллекторлық агенттіктің борышкермен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт шеңберінде кредиторға міндеттемелері арқылы байланысты болатын үшінші тұлғамен өзара іс-қимылы:

1) әрбір байланыс кезінде:

коллекторлық агенттіктің атауы;

коллекторлық агенттіктің тұрған жері;

борышкермен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), лауазымы;

кредитордың атауы туралы хабармен жүзеге асырылуға тиіс.

Осы тармақшада көзделмеген және коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпия болып табылмайтын өзге де ақпарат борышкерге оның талап етуі бойынша хабарланады;

2) егер борышкер коллекторлық агенттікке жеке жүгінген кезде осы тармақшада көрсетілген уақыт кезеңі шегінде коллекторлық агенттік ұсынғаннан өзгеше өзара іс-қимыл жасасу кезеңін айқындамаса, борышкердің тұрғылықты жерінің не тұрған жерінің не борышкердің тіркелген жерінің уақыты бойынша жұмыс күндері сағат 8:00-ден 21:00-ге дейінгі кезеңде;

3) коллекторлық агенттіктің бастамасы бойынша борышкердің тұрғылықты жері немесе тұрған жері немесе тіркелген жері бойынша немесе коллекторлық агенттіктің (филиалдың, өкілдіктің) тұрған жеріндегі үй-жайларында жеке қарым-қатынас кезінде аптасына үш реттен асырмай және жұмыс күндері сағат 8:00-ден 21:00-ге дейінгі кезеңде бір реттен асырмай;

4) коллекторлық агенттіктің бастамасы бойынша телефонмен сөйлесу арқылы жұмыс күндері сағат 8:00-ден 21:00-ге дейінгі уақыт кезеңінде үш реттен асырмай;

5) борышкердің талап етуі бойынша, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпияға жататын ақпаратты қоспағанда, берешек мөлшерін растайтын құжатты және коллекторлық агенттіктің берешекке қатысты коллекторлық қызметті жүзеге асыру жөніндегі өкілеттігін растайтын құжаттардың көшірмесін бере отырып;

6) өзара іс-қимыл процесін аудио- немесе аудиотіркеуі бар бейнетехника құралдарының көмегімен тіркей отырып;

7) кредитордан, борышкерден және (немесе) оның өкілінен және (немесе) үшінші тұлғалардан алынған құжаттар мен ақпараттың, оның ішінде банк құпиясының, микрокредит беру құпиясының, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпияның, борышкердің және (немесе) оның өкілінің және (немесе) үшінші тұлғалардың дербес деректерінің сақталуын қамтамасыз ете отырып жүзеге асырылуға тиіс.

Жұмыс күндері сағат 8.00-ден 21.00-ге дейінгі кезеңдегі өзара іс-қимыл жасау жөніндегі талаптарды қоспағанда, осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) және 4) тармақшаларында көзделген талаптар коллекторлық агенттіктің осы Заңның 16-бабының 2-тармағында көзделген міндеттерді бұзатын борышкермен және (немесе) оның өкілімен өзара іс-қимыл жасауына қолданылмайды.

Ескертпе. Осы тармақтың мақсаттары үшін жұмыс күндері деп демалыс немесе мереке күндері (ұлттық және мемлекеттік мерекелер) болып табылмайтын, дүйсенбі мен жұма аралығындағы апта күндері түсініледі.

3. Борышкердің және (немесе) оның өкілінің талап етуі бойынша коллекторлық агенттік борышкерді және (немесе) оның өкілін осы Заңның 16-бабында көзделген құқықтарымен және міндеттерімен таныстыруға міндетті.

4. Борышкермен жасалған банктік қарыз (микрокредит) шартында борышкердің орналасқан жерін және (немесе) байланыс деректерін анықтау шарты болған кезде осындай мақсатта коллекторлық агенттіктің осы баптың 1-тармағының бірінші абзацында аталған тұлға болып табылмайтын үшінші тұлғамен өзара іс-қимыл жасауына жол беріледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған үшінші тұлғамен өзара іс-қимыл жасау кезінде коллекторлық агенттік мынадай ақпаратты:

коллекторлық агенттіктің атауын;

коллекторлық агенттік жұмыскерінің тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымын;

борышкердің тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) хабарлайды.

Коллекторлық агенттіктің осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген жеке тұлғамен өзара іс-қимылы осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 2), 3), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген талаптар сақталған жағдайда, сондай-ақ, егер осы тұлға коллекторлық агенттікпен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға келісім білдірген, оның ішінде ауызша келісім білдірген жағдайда жүзеге асырылады.

5. Коллекторлық агенттіктің коллекторлық қызметті жүзеге асыруы кезінде мынадай жосықсыз әрекеттерді жүзеге асыруына:

1) борышкермен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) үшінші тұлғамен өзара іс-қимылдың осы баптың 1-тармағында көзделмеген өзге де тәсілдерін пайдалануға;

2) алып тасталды – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3) алып тасталды – ҚР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4) алып тасталды – ҚР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5) алып тасталды – ҚР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6) алып тасталды – ҚР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-1) алып тасталды – ҚР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7) берешекті өтеу есебінен ақшаны (қолма-қол немесе қолма-қол емес нысанда), сондай-ақ өзге де мүлікті қабылдауға;

8) берешекті ақшадан басқа, өзге мүлікпен өтеуді талап етуге;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кредитордан және (немесе) оның өкілінен және (немесе) үшінші тұлғалардан алынған коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпияны жария етуге тыйым салынады.

5-1. Коллекторлық агенттік жұмыскерінің борышкермен және (немесе) оның өкілімен, және (немесе) үшінші тұлғамен өзара іс-қимыл жасасуы кезінде мынадай жосықсыз әрекеттерді жүзеге асыруына:

1) коллекторлық агенттік жұмыскері өзара іс-қимыл жасасатын тұлғаны берешектің мөлшеріне, сипатына және пайда болу негіздеріне қатысты жаңылыстыруына;

2) коллекторлық агенттік жұмыскерінің анық емес тегін және (немесе) атын, және (немесе) әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), сондай-ақ жұмыс орны және (немесе) лауазымы туралы шындыққа сай келмейтін мәліметтерді хабарлауына;

3) коллекторлық агенттік жұмыскері өзара іс-қимыл жасасатын тұлғаның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді таратуына не осы тұлғалардың мүдделеріне мүліктік зиян келтіруі мүмкін мәліметтерді жария етуіне;

4) коллекторлық агенттік жұмыскері өзара іс-қимыл жасасатын тұлғаның құқықтары мен бостандықтарына қол сұғатын, олардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін, сондай-ақ осы тұлғаға мүліктік және өзге де зиян келтіруге алып келетін құқыққа қайшы әрекеттер жасауына;

5) борышкерге және (немесе) оның өкіліне, және (немесе) үшінші тұлғаларға күш қолдану не олардың мүлкін жою немесе бүлдіру қатерін төндіру, қорлау, алаяқтық, жалған құжаттар жасау, бопсалау арқылы борышкерді банктік қарыз шарты немесе

микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындауға мәжбүрлейтін қысым көрсетуіне тыйым салынады.

6. Осы баптың нормалары бұзылған жағдайда, коллекторлық агенттік өзі дербес немесе уәкілетті органның талабы бойынша жұмыскердің осы баптың 1-тармағының бірінші абзацында және 4-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғалармен өзара іс-қимыл жасасу жөніндегі өкілеттігін тоқтату жөнінде шаралар қабылдауға және үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға ақпарат беруге міндетті.

7. Осы баптың 1, 2, 4-тармақтарының, 5-тармағы 1) және 9) тармақшаларының, 5-1 және 6-тармақтарының талаптары коллекторлық агенттік банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықты (талап етуді) басқаға беру нәтижесінде туындаған өзінің кредитор құқықтарын іске асырған кезде оған және оның жұмыскерлеріне, сондай-ақ сервистік компанияларға қолданылады.

8. Алып тасталды – ҚР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9. Осы баптың 1-тармағының, 2-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасы бірінші бөлігінің төртінші және бесінші абзацтарының, 2), 3), 4) және 6) тармақшаларының, 5-1-тармағының талаптары банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша кредитордың мүдделерін білдірген кезде коллекторлық агенттіктің жұмыскерлеріне қолданылады.

10. Коллекторлық қызметті жүзеге асыру кезінде коллекторлық агенттіктің жеке сот орындаушыларымен ынтымақтастықты көздейтін шарттар жасасуына тыйым салынады.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2021 № 43-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 04.07.2022 № 133-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 179-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 205-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-бап. Берешекті сотқа дейін реттеу тәртібінің ерекшеліктері

1. Бастапқы байланыс кезінде коллекторлық агенттік борышкер-жеке тұлғаға және (немесе) оның өкіліне банктік қарыз шартының немесе микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту туралы жазбаша өтінішпен коллекторлық агенттікке олардың (оның) жүгіну құқығы туралы хабар береді.

Борышкер-жеке тұлға және (немесе) оның өкілі өздеріне (өзіне) коллекторлық агенттік хабар берген күннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде коллекторлық агенттікке банктік қарыз шартының немесе микрокредит беру туралы шарттың

талаптарын өзгерту туралы жазбаша өтінішпен және (немесе) коллекторлық агенттікке "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген сәйкестендіру құралдарын қолдану арқылы клиент-жеке тұлғаны сәйкестендіруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін цифрлық объектілер (бұдан әрі – цифрлық объектілер) арқылы жүгінеді, онда берешектің пайда болу себептері мен мән-жайлары, кірістері мен шығыстары, отбасы құрамы (мүшелері), тұрғылықты жері, мүлкінің бар-жоғы туралы мәліметтер, борышкердің өтінішін қарау және оның банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындауға өз қаражатының жеткілікті екендігін айқындау үшін кредиторға қажетті өзге де мәліметтер көрсетіледі.

2. Коллекторлық агенттік жазбаша өтінішті алған күннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны кредиторға жіберуге міндетті.

3. Кредитор борышкердің жазбаша өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде банктік қарыз шартын немесе микрокредит беру туралы шартты өзгертудің ұсынылған талаптарын қарайды және коллекторлық агенттік пен борышкерге және (немесе) оның өкіліне:

1) банктік қарыз шартына немесе микрокредит беру туралы шартқа ұсынылған өзгерістермен келісетіні;

2) банктік қарыз шартының немесе микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту бойынша өзінің ұсыныстары;

3) банктік қарыз шартының немесе микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін көрсете отырып, осындай бас тарту туралы жазбаша нысанда және (немесе) цифрлық объектілер арқылы хабарлайды.

4. Коллекторлық агенттік кредитор қабылдаған шешімді алғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде ол туралы борышкерге хабарлайды.

5. Борышкерге қатысты коллекторлық қызметті жүзеге асыру кезінде кредитор: сотқа оның берешегін өндіріп алу туралы талап қойып жүгінуге;

берешек коллекторлық агенттікте жұмыста болған кезеңдегі сыйақыны, қарыз немесе микрокредит беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссияларды және өзге төлемдерді төлеуді талап етуге, сондай-ақ негізгі борышты және сыйақыны уақтылы өтемегені үшін көрсетілген кезеңге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есепке жазуға құқылы емес.

6. Алып тасталды – ҚР 16.01.2026 № 259-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 19.06.2024 № 97-VIII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 16.01.2026 № 259-VIII (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Зандарымен.

6-1-бап. Коллекторлық агенттік берешек құқығын (талапты) басқаға беру нәтижесінде туындаған өзінің кредитор құқықтарын іске асырған кезде оның берешекті реттеу ерекшеліктері

1. Коллекторлық агенттік өзіне кредитор берешек бойынша, оның ішінде сот шешімі бойынша немесе нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде өндіріп алынған берешек бойынша құқықты (талап етуді) берген кезде борышкер-жеке тұлғаға және (немесе) оның өкіліне банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындау талаптарын өзгерту туралы жазбаша өтінішпен және (немесе) цифрлық объектілер арқылы коллекторлық агенттікке олардың (оның) жүгіну құқығы туралы хабар береді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақтың екінші бөлігі 01.05.2027 бастап қолданысқа енгізіледі – ҚР 19.06.2024 № 97-VIII Заңымен (мәтін алып тасталды).

Борышкер-жеке тұлға және (немесе) оның өкілі берешек бойынша құқықты (талап етуді) басқаға беру туралы өздеріне (өзіне) хабар берілген күннен кейін кез келген мерзімде коллекторлық агенттікке банктік қарыз шарты бойынша немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындау талаптарын өзгерту туралы жазбаша өтінішпен және (немесе) цифрлық объектілер арқылы жүгінуге құқылы, онда берешектің пайда болу себептері, кірістері мен шығыстары, отбасы құрамы (мүшелері), тұрғылықты жері, мүлкінің бар-жоғы туралы мәліметтер, оның коллекторлық агенттікке банктік қарыз шарты бойынша немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындау талаптарын өзгерту туралы жүгінуінің мән-жайларын (фактілерін) растайтын, оның ішінде:

1) негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемдерді кейінге қалдыруға немесе бөліп төлеуге;

2) берешекті өтеу кезектілігін өзгертуге, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтеуге;

3) банктік қарыз немесе микрокредит мерзімін өзгертуге;

4) тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайту жағына қарай өзгертуге немесе толық алып тастауға;

5) комиссияларды және банктік қарызға қызмет көрсетуге байланысты өзге де төлемдерді өзгертуге немесе толық алып тастауға;

6) негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша берешекті толық не ішінара кешіруге;

7) ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті тараптардың келісімінде белгіленген мерзімдерде кепіл берушінің өзінің дербес өткізуіне;

8) міндеттемені орындаудың орнына коллекторлық агенттікке кепілге қойылған мүлікті беру арқылы бас тарту төлемін ұсынуға;

9) сатып алушыға міндеттемені бере отырып, ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті өткізуге байланысты өзге де мәліметтер көрсетіледі.

2. Коллекторлық агенттік борышкердің өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындау талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарайды және борышкерге және (немесе) оның өкіліне жазбаша нысанда және (немесе) цифрлық объектілер арқылы:

1) банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындау талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісетіні;

2) банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындау талаптарын өзгерту бойынша қарсы ұсыныстар;

3) банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындау талаптарын өзгертуден бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін көрсете отырып, осындай бас тарту туралы хабарлайды.

Коллекторлық агенттік мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерге банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша уәкілетті орган айқындаған тәртіппен қарыз және (немесе) микрокредит бойынша сыйақыны есепке жазбай, мерзімді әскери қызмет өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейінге күнтізбелік алпыс күнді қамтитын кезеңге негізгі борыш пен сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыруды ұсынуға міндетті.

Мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілер, сондай-ақ олардың қызметтен шығарылуы туралы мәліметтермен алмасу Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен келісу бойынша уәкілетті орган айқындаған тәртіппен мемлекеттік органдар мен кредиттік бюролардың цифрлық жүйелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

Коллекторлық агенттіктің осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген шешімі алынған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде коллекторлық агенттік пен қарыз алушы-жеке тұлға арасында өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеуі банктік қарыз шарты бойынша немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындау талаптарын өзгертуден бас тарту болып есептеледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақтың бірінші бөлігіне өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 16.01.2026 № 259-VIII (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Борышкер-жеке тұлға коллекторлық агенттіктің осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген шешімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде немесе банктік қарыз шарты бойынша немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындау талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы

шешімге осы баптың 2-тармағының бесінші бөлігінде көзделген мерзімде қол жеткізілмеген кезде бір мезгілде коллекторлық агенттікті хабардар ете отырып, банк және (немесе) микроқаржы омбудсманына жүгінуге құқылы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақтың екінші бөлігіне өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 16.01.2026 № 259-VIII (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Банк және (немесе) микроқаржы омбудсмандары борышкер-жеке тұлғаның коллекторлық агенттікке жүгінуінің және коллекторлық агенттікпен банктік қарыз шартының немесе микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізбеудің дәлелдерін ұсынған кезде оның жолданымын қарайды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақтың үшінші бөлігіне өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 16.01.2026 № 259-VIII (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Банк және (немесе) микроқаржы омбудсмандары "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын борышкер-жеке тұлғаның тұрғынжай болып табылатын жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес ипотекалық тұрғын үй қарызы (ипотекалық қарыз) шарты бойынша немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша жолданымын қараған кезеңде кепілге қойылған мүлікке сотқа талап қоюды беру арқылы немесе соттан тыс тәртіппен өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.

4. Банктер, микроқаржы ұйымдары не коллекторлық агенттіктер болып табылатын екі және одан көп кредиторлардың алдында мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық банктік қарыздар және (немесе) тұтынушылық микрокредиттер бойынша мерзімі өткен берешек болған кезде қарыз алушы берешекті ұжымдық реттеу үшін қаржы омбудсманының қызметі жанында жұмыс істейтін ұжымдық реттеу платформасы арқылы жүгінуге құқылы.

Ұжымдық реттеуге жататын берешектің өлшемшарттары, сондай-ақ берешекті ұжымдық реттеуді жүргізу тәртібі мен шарттары осы Заңның 15-бабы 1-тармағының 3-1) тармақшасында көзделген уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Ескерту. 2-тарау 6-1-баппен толықтырылды - ҚР 19.06.2024 № 97-VIII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); өзгеріс енгізілді – ҚР 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.01.2026 № 259-VIII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б қараңыз) Заңдарымен.

7-бап. Коллекторлық қызметті жүзеге асыруға ниеті бар заңды тұлғаны есептік тіркеу

1. Коллекторлық қызметті жүзеге асыруға ниеті бар заңды тұлға "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясында мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) күнінен бастап үш ай ішінде есептік тіркелуге жатады.

2. Алып тасталды – ҚР 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Коллекторлық қызметті жүзеге асыруға ниеті бар заңды тұлға есептік тіркеуден өту үшін уәкілетті орган бекіткен нормативтік құқықтық актіде көзделген құжаттарды уәкілетті органға ұсынады.

4. Уәкілетті орган есептік тіркеуден өтуге арналған құжаттарды алған кезден бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Коллекторлық қызметті жүзеге асыруға ниеті бар заңды тұлға құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, уәкілетті орган осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан уәжді түрде жазбаша нысанда бас тартады.

5. Уәкілетті орган есептік тіркеуден өту туралы өтінішті құжаттар топтамасы толық ұсынылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды.

6. Уәкілетті орган коллекторлық қызметті жүзеге асыруға ниеті бар заңды тұлғаны осы баптың 5-тармағында белгіленген мерзімде коллекторлық агенттіктер тізіліміне енгізуге және оны осы шешім мен тіркеу нөмірі туралы хабардар етуге не есептік тіркеуден бас тарту себептері туралы уәжді түрде жазбаша нысанда жауап беруге міндетті.

7. Есептік тіркеуден өткен коллекторлық агенттіктердің тізілімі уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 № 241-VI (01.07.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 25.11.2019 № 272-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2021 № 43-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-бап. Коллекторлық қызметті жүзеге асыруға ниеті бар заңды тұлғаны есептік тіркеуден бас тарту негіздері

1. Коллекторлық қызметті жүзеге асыруға ниеті бар заңды тұлғаны есептік тіркеуден бас тарту мынадай:

1) уәкілетті орган бекіткен нормативтік құқықтық актіде көзделген құжаттарда көрсетілуге жататын анық емес мәліметтер мен ақпарат берілген;

2) коллекторлық қызметті жүзеге асыруға ниеті бар заңды тұлғаның жұмыскерлері осы Заңның 12-бабының 2 және 3-тармақтарында көзделген талаптарға сәйкес келмеген ;

3) коллекторлық қызметті жүзеге асыруға ниеті бар заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің он немесе одан да көп пайызын өзі дербес немесе басқа тұлғамен (тұлғалармен) бірлесіп тікелей немесе жанама иеленетін және (немесе) пайдаланатын және (немесе) оларға билік ететін немесе бақылау жасайтын тұлға осы Заңның 3-бабының 3-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмеген;

4) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясында мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) күнінен бастап үш ай өткеннен кейін уәкілетті органға есептік тіркеуден өту туралы өтінішпен жүгінген;

5) осы Заңның 21-бабының 1-тармағында белгіленген талаптарды сақтамаған жағдайларда жүргізіледі.

2. Осы баптың 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша есептік тіркеуден бас тартылған жағдайда коллекторлық қызметті жүзеге асыруға ниеті бар заңды тұлға есептік тіркеуден бас тартуды алған күннен кейін отыз жұмыс күні ішінде осы Заңның 7-бабының 3-тармағына сәйкес құжаттарды қайтадан ұсынуға құқылы не өзінің атауынан "коллекторлық агенттік" деген сөздерді, олардан туындайтын, оның коллекторлық қызметті жүзеге асыратынын болжайтын сөздерді алып тастау арқылы қайта тіркеу рәсімін жүргізуге міндетті.

Коллекторлық қызметті жүзеге асыруға ниеті бар заңды тұлға осы баптың 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша есептік тіркеуден бас тартуды алған жағдайда, мұндай заңды тұлға өзінің атауынан "коллекторлық агенттік" деген сөздерді, олардан туындайтын, өзін коллекторлық қызметті жүзеге асырады деп болжатаатын сөздерді алып тастау арқылы қайта тіркеу рәсімін жүргізуге міндетті.

Заңды тұлға осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген әрекеттерді жүзеге асырмаған жағдайда, ол Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мәжбүрлі түрде таратылуға жатады.

Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 02.04.2019 № 241-VI (01.07.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

9-бап. Коллекторлық агенттікті коллекторлық агенттіктер тізілімінен шығару негіздері

1. Коллекторлық агенттік коллекторлық агенттіктер тізілімінен мынадай негіздердің бірі бойынша шығарылады:

1) коллекторлық агенттіктің және (немесе) оның борышкерлермен өзара іс-қимыл жасайтын қызметкерлерінің осы Заңның 5-бабы 5-тармағының 7) және 8) тармақшаларында, 5-1-тармағында көзделген жосықсыз әрекеттердің бірін қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан көп рет жасауы;

2) есептік тіркеуден өту үшін ұсынылған құжаттарда анық емес мәліметтер мен ақпараттың анықталуы;

3) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген жарғылық капиталдың ең төмен мөлшері жөніндегі талаптардың сақталмауы;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес ұсынылуы талап етілетін есептілік белгіленген мерзімде бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан көп рет) ұсынылмауы немесе уақтылы ұсынылмауы;

5) коллекторлық агенттіктің уәкілетті органға Қазақстан Республикасының коллекторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес талап етілетін ақпаратты немесе өзге де сұратылатын ақпаратты бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш реттен көп) бермеуі, уақтылы бермеуі не коллекторлық агенттіктің уәкілетті органға Қазақстан Республикасының коллекторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес ұсынылуы талап етілетін мәліметтер қамтылмаған ақпаратты беруі не анық емес ақпарат беруі;

6) коллекторлық агенттіктің шектеулі ықпал ету шараларын қолдану арқылы өзі қабылдаған және (немесе) оған уәкілетті орган жүктеген міндеттерді бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш реттен көп) орындамауы, уақтылы орындамауы;

7) коллекторлық қызметтің қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде жүзеге асырылмауы;

8) коллекторлық агенттіктің осы Заңда белгіленген коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымға міндетті мүше болу туралы талапты бұзуы;

9) коллекторлық агенттіктің қызметін тоқтату туралы сот актісінің заңды күшіне енуі;

10) коллекторлық агенттіктің тексеру жүргізуге соңғы күнтізбелік он екі айда үш және одан көп рет кедергі жасауы;

11) коллекторлық агенттіктің коллекторлық қызметті жүзеге асыруды ерікті түрде тоқтату туралы шешім қабылдауы.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 11) тармақшасында көзделген жағдайда коллекторлық агенттіктің коллекторлық агенттіктер тізілімінен шығару туралы өтінішіне барлық міндеттемелердің орындалғанын растау, сондай-ақ баланста бұрын иеленген құқықтардың (талаптардың) болмауы туралы хат қоса беріледі.

1-1. Коллекторлық агенттікті коллекторлық агенттіктер тізілімінен шығарудың орындылығын айқындау кезінде мыналар ескеріледі:

1) бұзушылықтардың сипаты және салдары;

2) жол берілген бұзушылықтардың ауқымы мен айтарлықтай болуы және олардың салдары;

3) бұзушылықтардың жүйелілігі мен ұзақтығы;

4) жол берілген бұзушылықтардың туындауына негіз болған себептер;

5) бұрын қолданылған шектеулі ықпал ету шараларының болуы және тиімділігі (нәтижелілігі);

6) анықталған бұзушылықтарды жоюға және олардың тиімділігіне бағытталған дербес шаралар қабылдауы.

2. Коллекторлық агенттік коллекторлық агенттіктердің тізілімінен шығарылған жағдайда, уәкілетті орган оны шығарылған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде бұл туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

Хабарлама есептік тіркеуден өтуге арналған өтініште не коллекторлық агенттіктің тұрған жерінің өзгергені туралы жазбаша хабарламада көрсетілген мекенжай бойынша жіберіледі.

3. Уәкілетті органның коллекторлық агенттікті коллекторлық агенттіктер тізілімінен алып тастау туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Уәкілетті органның коллекторлық агенттікті коллекторлық агенттіктер тізілімінен алып тастау туралы шешіміне шағым жасау осы шешімнің орындалуын тоқтата тұрмайды.

4. Коллекторлық агенттікке өзінің коллекторлық агенттіктер тізілімінен шығарылғаны туралы уәкілетті органның хабарламасын алған кезден бастап берешекті өндіріп алу туралы жана шарттар және (немесе) банктік қарыз шарттары және (немесе) микрокредит беру туралы шарттар бойынша құқықтардың (талаптардың) коллекторлық агенттікке өту жағдайларын қамтитын шарттар (бұдан әрі – талап ету құқығын басқаға беру шарты) жасауға тыйым салынады.

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабының 1-тармағында, "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабы 5-тармағының бірінші бөлігінде аталған тұлғаларға құқықтарды (талаптарды) беруді қоспағанда, коллекторлық агенттікке оның коллекторлық агенттіктер тізілімінен шығарылғаны туралы уәкілетті органның хабарламасын алған кезден бастап, сондай-ақ қайта ұйымдастыру нәтижесінде осы коллекторлық агенттіктің құқықтары мен міндеттемелерінің құқықтық мирасқоры болған заңды тұлғаға банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) үшінші тұлғаға беруді жүргізуге тыйым салынады.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес банктік қарыз шарттары және (немесе) микрокредит беру туралы шарттар бойынша жеке тұлғалармен шарттық қатынастар тоқтатылғанға дейін коллекторлық агенттіктер тізілімінен шығарылған коллекторлық агенттік, сондай-ақ қайта ұйымдастыру нәтижесінде осы коллекторлық агенттіктің құқықтары мен міндеттемелерінің құқықтық мирасқоры болған заңды тұлға банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт шеңберінде

кредитордың қарыз алушымен өзара қатынастарына, сондай-ақ кредиттік бюролардың дерекқорындағы барлық борышкер бойынша ақпаратты жаңартуға Қазақстан Республикасының заңнамасында қойылатын талаптар мен шектеулерді сақтауға міндетті.

5. Коллекторлық агенттік өзінің коллекторлық агенттіктер тізілімінен шығарылғаны туралы уәкілетті органның хабарламасын алған күннен не коллекторлық агенттік коллекторлық қызметті жүзеге асыруды ерікті түрде тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде:

өз атауынан "коллекторлық агенттік" деген сөздерді, олардан туындайтын, өзін коллекторлық қызметті жүзеге асырады деп болжатаатын сөздерді алып тастау арқылы қайта тіркеу рәсімін жүргізуге;

өзінің коллекторлық агенттіктер тізілімінен шығарылғаны туралы уәкілетті органның хабарламасын алған не коллекторлық агенттік коллекторлық қызметті жүзеге асыруды ерікті түрде тоқтату туралы шешім қабылдаған күнге, берешекті өндіріп алу туралы шарт негізінде коллекторлық агенттікке берілген берешек жөніндегі барлық мәліметтер мен құжаттарды кредиторға беруге;

өзіне банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) берілген тұлғаға не оның нұсқауы бойынша мұндай тұлға сенімгерлік басқарудың жаңа шартын жасасқан сервистік компанияға уәкілетті органның оны коллекторлық агенттіктердің тізілімінен шығарылғаны туралы хабарламасын алған не коллекторлық агенттік коллекторлық қызметті жүзеге асыруды ерікті түрде тоқтату туралы шешім қабылдаған күнге, сенімгерлік басқару шарты негізінде коллекторлық агенттікке берілген, банктік қарыз шарттары және (немесе) микрокредит беру туралы шарттар бойынша құқықтар (талаптар) бойынша барлық мәліметтер мен құжаттарды беруге;

берешекті өндіріп алу туралы жасалған барлық шарттарды және (немесе) сенімгерлік басқару шарттарын бұзуға міндетті.

Кредитор берешекті өндіріп алу туралы шарт негізінде коллекторлық агенттікке берілген берешек жөніндегі мәліметтер мен құжаттардың қабылдануын қамтамасыз етуге, сондай-ақ бұрын осы коллекторлық агенттікпен жасалған берешекті өндіріп алу туралы шарттарды бұзу жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

Өзіне банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) берілген тұлға не мұндай тұлға сенімгерлік басқарудың жаңа шартын жасасқан сервистік компания осы тармақтың бірінші бөлігінің төртінші абзацында көзделген жағдайда, мәліметтер мен құжаттардың қабылдануын қамтамасыз етуге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген әрекеттерді жүзеге асырмаған жағдайда, коллекторлық агенттік Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп таратылуға жатады.

6. Коллекторлық агенттік өзінің коллекторлық агенттіктер тізілімінен шығарылғаны туралы уәкілетті органның хабарламасын алған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде бұл туралы:

берешекті өндіріп алу туралы шарттар жасасқан кредиторларды;

сенімгерлік басқару шартында көзделген тәсілдермен өздерімен сенімгерлік басқару шарттары жасалған тұлғаларды;

берешегі коллекторлық агенттікке берешекті өндіріп алу туралы шарт негізінде берілген борышкерлерді осы Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген тәсілдермен;

өздеріне банктік қарыз шарттары немесе микрокредит беру туралы шарттар бойынша құқықтар (талаптар) сенімгерлік басқару шарттары негізінде берілген борышкерлерді осы Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген тәсілдермен хабардар етуге міндетті.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.07.2022 № 133-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 179-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.01.2026 № 259-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-бап. Коллекторлық агенттіктің құжаттама жүргізу тәртібі

1. Коллекторлық агенттік шарттарды тіркеу журналында берешекті өндіріп алу туралы барлық шарттарды, құқықты (талапты) басқаға беру шарттарын, сенімгерлік басқару шарттарын тіркейді және кредиторлардан қабылданатын құжаттарды:

1) берешекті өндіріп алу туралы шарттарды;

2) талап ету құқығын басқаға беру шарттарын, сондай-ақ оларға қоса берілетін құжаттарды (бар болған жағдайда);

2-1) сенімгерлік басқару шарттарын;

3) кепіл нысанасына арналған құжаттарды (егер негізгі міндеттеме кепілмен қамтамасыз етілген жағдайда);

4) кепілгерлік және кепілдік шарттарын (егер негізгі міндеттеме кепілгерлікпен немесе кепілдікпен қамтамасыз етілген жағдайда);

5) борышкердің құқық (талап ету) басқаға берілген күнгі берешегінің есептеулерін;

6) мерзімі өткен берешекті реттеу бойынша борышкерге қатысты кредитор қабылдаған, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шаралар жөніндегі ақпаратты қамтитын құжаттарды есепке алуды жүргізеді. Ақпарат банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт шеңберінде міндеттемелерді орындамаудың немесе тиісінше орындамаудың соңғы күнінен бастап берешекті коллекторлық агенттікке бергенге дейінгі кезең үшін көрсетіледі;

- 7) борышкердің құрылтай құжаттарының көшірмелерін (заңды тұлғалар үшін);
- 8) борышкердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін (жеке тұлғалар үшін);
- 9) борышкердің берешекті өтегенін растайтын құжаттарды (немесе олардың көшірмелерін);
- 10) кепілге салынған мүлікті өткізу жөніндегі құжаттарды;
- 11) берешекті өндіріп алу туралы шартта, құқықты (талапты) басқаға беру шартында, сенімгерлік басқару шартында берілуі көзделген өзге де құжаттарды есепке алуды жүргізеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-тармаққа өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 23.07.2026 № 352-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Шарттарды тіркеу журналын жүргізу қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда жүзеге асырылады.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2022 № 133-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11-бап. Коллекторлық қызмет құпиясы

1. Коллекторлық қызмет құпиясы коллекторлық қызметті жүзеге асыру кезінде коллекторлық агенттік алған және (немесе) жасаған борышкер, кредитор, берешек туралы, банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт шеңберінде кредиторға міндеттемелері арқылы байланысты болатын үшінші тұлғалар, берешекті өндіріп алу туралы жасалған шарттардың талаптары туралы кез келген мәліметтер мен өзге де мәліметтерді қамтиды.

2. Борышкерге қатысты коллекторлық қызмет құпиясы борышкердің өзіне, борышкердің жазбаша келісімі, оның ішінде банктік қарыз шартын жасасу кезінде - банк құпиясын ашуға немесе микрокредит беру туралы шартты жасасу кезінде микрокредит беру құпиясын ашуға берген жазбаша келісімі негізінде үшінші тұлғаға, сондай-ақ осы баптың 3, 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғаларға ғана ашылуы мүмкін.

3. Коллекторлық қызметті жүзеге асыру кезінде коллекторлық агенттік алған және (немесе) жасаған борышкер, кредитор, берешек туралы, банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт шеңберінде кредиторға міндеттемелері арқылы байланысты болатын үшінші тұлғалар, берешекті өндіріп алу туралы жасалған шарттардың талаптары туралы мәліметтер мен өзге де мәліметтер:

1) қылмыстық қудалау функциясын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға және лауазымды адамдарға: олардың іс жүргізуінде жатқан қылмыстық істер бойынша, прокурор санкциялаған жазбаша сұрау салу негізінде;

- 2) соттарға: олардың іс жүргізуінде жатқан істер бойынша, сот ұйғарымы, қаулысы, шешімі және үкімі негізінде;
- 3) мемлекеттік және жеке сот орындаушыларына: олардың іс жүргізуінде жатқан атқарушылық іс жүргізу істері бойынша, сот орындаушысының прокурор санкциялаған , әділет органының мөрімен немесе жеке сот орындаушысының мөрімен расталған қаулысы негізінде;
- 4) прокурорға: оның қарауында жатқан материал бойынша, өз құзыреті шегінде тексеру жүргізу туралы қаулы негізінде;
- 5) мемлекеттік кіріс органдарына:
- тексерілетін тұлғаға салық салуға байланысты мәселелер бойынша, нұсқама негізінде;
- кредиттік бюро активтер мен міндеттемелер туралы, кірістер мен мүлік туралы декларацияларды ұсыну жөніндегі міндет туындаған (берешегі бойынша (құқықтары (талаптары) коллекторлық агенттікке берілген) борышкер-жеке тұлға бойынша береді;
- 6) борышкердің өкілдеріне: нотариат куәландырған сенімхат негізінде;
- 7) оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті органға: өзі жөнінде соттың банкрот деп тану туралы заңды күшіне енген шешімі бар тұлғаға қатысты, банкроттық және (немесе) оңалту туралы іс қозғалғанға дейін бес жыл ішіндегі кезең үшін, прокурордың санкциясымен;
- 8) уәкілетті органға: коллекторлық агенттіктердің қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша;
- 8-1) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымға: өз мүшелерінің (қатысушыларының) қызметін бақылауды жүзеге асырумен байланысты мәселелер бойынша;
- 9) Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы бойынша мемлекеттік басқару саласындағы уәкілетті органға: " Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рәсімдерді қолдану туралы арыз берген азаматқа қатысты сұрау салу негізінде осындай сұрау салу берілгенге дейінгі үш жыл ішіндегі кезең үшін;
- 10) қаржы басқарушысына: төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы іс қозғалған азаматқа қатысты сұрау салу негізінде прокурордың санкциясымен беріледі. Өкілеттіктерді растау мақсатында сұрау салуға соттың рәсімді қолдану туралы іс қозғау жөніндегі ұйғарымы қоса беріледі.
4. Борышкерге қатысты коллекторлық қызметті жүзеге асыру кезінде коллекторлық агенттік алған және (немесе) жасаған борышкер, кредитор туралы, банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт шеңберінде кредиторға міндет темелері

арқылы байланысты болатын үшінші тұлғалар, берешек, берешекті өндіріп алу туралы жасалған шарттардың талаптары туралы мәліметтер мен өзге де мәліметтер осы баптың 3-тармағында көзделген тұлғалардан басқа, сондай-ақ жазбаша сұрау салу негізінде:

- 1) борышкер өсиетте көрсеткен тұлғаларға;
- 2) нотариустарға: өздерінің іс жүргізуіндегі мұрагерлік істер бойынша нотариустың сұрау салуы негізінде;
- 3) шетелдік консулдық мекемелерге: олардың іс жүргізуінде жатқан мұрагерлік істер бойынша беріледі.

5. Мыналар:

1) коллекторлық агенттіктердің "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кредиттік бюроларға ақпарат беруі және кредиттік бюролардың берешек бөлігінде борышкер туралы ақпарат беруі;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен уәкілетті орган арасында ақпарат, оның ішінде коллекторлық қызмет құпиясын құрайтын мәліметтер алмасу;

3) мемлекеттік органның лауазымды адамының немесе ұйымда басқарушылық функцияларды орындайтын адамның қылмыстық қудалау органына қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабар жіберілген кезде растау құжаттары мен материалдар ретінде коллекторлық қызмет құпиясын қамтитын құжаттар мен мәліметтерді ұсынуы коллекторлық қызмет құпиясын ашу болып табылмайды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-тармақтың екінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген – ҚР 16.01.2026 № 259-VIII (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Коллекторлық қызметтің құпиясы банк және (немесе) микроқаржы омбудсмандарына оның қарауында жатқан, жеке тұлғалардың ол бойынша міндеттемелер "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-1-бабының 3 және 4-тармақтарында немесе "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғаға берілген банктік қарыз шартынан немесе микрокредит беру туралы шарттан туындайтын келіспеушіліктерді реттеу жөніндегі жүгінулері бойынша ашылуы мүмкін.

6. Осы Заңның және Қазақстан Республикасының басқа да заңдарының негізінде Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерге қол жеткізген коллекторлық агенттіктер, сондай-ақ өзге де тұлғалар көрсетілген мәліметтерді жария еткені немесе заңсыз пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 21.01.2019 № 217-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 179-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.07.2025 № 207-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 210-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.01.2026 № 259-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

12-бап. Коллекторлық агенттіктің жұмыскерлеріне қойылатын талаптар

1. Атқарушы органның (алқалы және (немесе) жеке-дара) бірінші басшысы және мүшелері, байқаушы кеңестің (бар болған жағдайда) бірінші басшысы және мүшелері, бас бухгалтер коллекторлық агенттіктің басшы жұмыскерлері болып танылады.

2. Мынадай:

1) Қазақстан Республикасының азаматтығына ие емес;

2) жоғары білімі жоқ;

3) жеке адамға, отбасыға және кәмелетке толмағандарға, адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына, мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздеріне және қауіпсіздігіне, меншікке, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке, халық денсаулығына және имандылыққа, бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігіне, коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне, мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне, сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне, басқару тәртібіне қарсы, экономикалық қызмет, цифрландыру және байланыс салаларындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін, сондай-ақ әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін алынбаған немесе жойылмаған сотталғандығы бар немесе қылмыстық қудалауға ұшырайтын немесе ұшыраған (өздеріне қатысты қылмыстық қудалау Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшалары негізінде тоқтатылған адамдарды қоспағанда);

4) қаржы, сақтандыру қызметі, білім беру, мемлекеттік басқару және қорғаныс, міндетті әлеуметтік қамсыздандыру салаларында, құқық және бухгалтерлік есепке алу саласында, сондай-ақ техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган бекіткен экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышына сәйкес айқындалған төлемдерді жинау жөніндегі агенттіктер мен кредиттік бюролар қызметінде жұмыс тәжірибесі жоқ (тиісті жұмыс өтілі жұмысқа қабылданған күні кемінде бір жыл болуға тиіс);

5) бұдан бұрын, уәкілетті орган коллекторлық агенттікті осы Заңның 9-бабы 1-тармағы бірінші бөлігінің 1), 4), 5), 6), 7), 9) және 10) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша коллекторлық агенттіктер тізілімінен шығару туралы шешім

қабылдағанға дейін үш жылдан аспайтын кезеңде коллекторлық агенттіктің басшы жұмыскері не оның жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің он немесе одан да көп пайызын иеленген тұлға болып табылған;

6) өзіне қатысты қаржы ұйымының, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы жұмыскерінің лауазымын атқару және қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) болу құқығынан өмір бойына айыру түрінде қылмыстық жаза қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген;

7) уәкілетті орган немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент қаржы ұйымы резиденті болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органы банкке реттеу режимін қолдану туралы шешімді, қаржы ұйымын таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметін жүзеге асыруын тоқтатуға алып келген қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы шешімді қабылдағанға дейін не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін бір жылдан аспайтын кезеңде бұрын, қаржы ұйымының басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, ірі қатысушы жеке тұлға, қаржы ұйымының ірі қатысушысының, банк және (немесе) сақтандыру холдингі заңды тұлғасының басшысы болған жеке тұлға коллекторлық агенттіктің басшы қызметкері бола алмайды.

Көрсетілген талап уәкілетті орган немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент қаржы ұйымы резиденті болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органы қаржы ұйымына реттеу режимін қолдану туралы шешімді, қаржы ұйымын таратуға және (немесе) қаржы нарығында қызметін жүзеге асыруын тоқтатуға алып келген, қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы шешімді қабылдағаннан кейін не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін он жыл ішінде қолданылады;

8) бұдан бұрын, қатарынан төрт және одан да көп кезең ішінде шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша дефолтқа жол берген не өзі бойынша дефолтқа жол берілген шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу жөніндегі берешек сомасы купондық сыйақының төрт еселенген және (немесе) одан да көп мөлшерін құрайтын не шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты төлеу бойынша дефолт мөлшері төлеу күніне республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын соманы құрайтын қаржы ұйымының басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, ірі қатысушысының (ірі акционерінің) – заңды тұлғасының – эмитенттің ірі қатысушы (ірі акционері) – жеке тұлғасы, басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері болған жеке тұлға коллекторлық

агенттіктің басшы жұмыскері бола алмайды. Көрсетілген талап осы тармақшада көзделген мән-жайлар туындаған кезден бастап бес жыл ішінде қолданылады;

9) психологиялық-неврологиялық, туберкулездік, наркологиялық диспансерлерде есепте тұрған;

10) егер босатылған күнінен бері үш жыл өтпесе, мемлекеттік қызметтен немесе арнаулы және құқық қорғау органдарынан теріс себептер бойынша босатылған;

11) бұрын өзінің лауазымдық өкілеттіктеріне орай осы коллекторлық агенттіктің қызметін тексерулер нысанында бақылау жөніндегі мемлекеттік функцияларды орындаған не өзінің құзыретіне сәйкес осы коллекторлық агенттіктің қызметіне байланысты болған жеке тұлға коллекторлық агенттіктің басшы жұмыскері бола алмайды. Көрсетілген талап адам мемлекеттік қызметті тоқтатқаннан кейін бір жыл ішінде қолданылады;

12) осы Заңның 5-бабында көзделген талаптарды бұзғаны үшін коллекторлық агенттіктен босатылған;

13) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған жеке тұлға коллекторлық агенттіктің басшы қызметкері бола алмайды.

2-1. Борышкермен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) үшінші тұлғамен өзара іс-қимыл жасайтын коллекторлық агенттіктің басшы қызметкерінің, жұмыскерінің бір мезгілде басқа коллекторлық агенттікпен еңбек және өзге де қатынастарда болуына тыйым салынады.

3. Осы баптың 2-тармағының 1), 3), 5), 9), 10), 11), 12) және 13) тармақшаларында көзделген талаптарға сәйкес келмейтін, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі жоқ коллекторлық агенттік жұмыскерлері борышкермен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт шеңберінде кредиторға міндеттемелері арқылы байланысты болатын үшінші тұлғамен өзара іс-қимыл жасасуға жіберілмейді.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімінің бар-жоғына қойылатын талаптар коллекторлық агенттіктің борышкермен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) үшінші тұлғалармен телефонмен сөйлесулер арқылы өзара іс-қимыл жасайтын жұмыскерлеріне қатысты қолданылмайды.

4. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымдардың басшы қызметкерлері осы баптың 1 және 2-тармағында белгіленген талаптарға сай келуге тиіс.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 24.05.2021 № 43-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 179-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.01.2026 № 259-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

13-бап. Құжаттарды сақтау

Коллекторлық агенттіктің сақталуға жататын негізгі құжаттарының тізбесін және оларды сақтау мерзімдерін уәкілетті орган айқындайды.

3-тарау. КОЛЛЕКТОРЛЫҚ АГЕНТТІКТІҢ, БОРЫШКЕРДІҢ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ОНЫҢ ӨКІЛІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

14-бап. Коллекторлық агенттіктің құқықтары

Коллекторлық агенттік:

1) коллекторлық қызметті кредитормен жасалған берешекті өндіріп алу туралы шарт негізінде және осы Заңның, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" және "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес жүзеге асыруға;

2) берешекке байланысты ақпаратты жинауды жүзеге асыруға, оның ішінде берешекті өндіріп алу туралы жасалған шарттар бойынша кредитордан құжаттар (түпнұсқалары мен көшірмелерін), түсіндірмелер мен ақпарат алуға;

3) егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе шартта өзгеше көзделмесе, банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша қамтамасыз ету болып табылатын, өзі бойынша құқықты (талап етуді) коллекторлық агенттік кредитордан алған кепілге салынған мүлікке сот тәртібімен өндіріп алуды қолдануға;

4) егер кредитор берешекті өндіріп алу туралы шарттың талаптарын бұзған, борышкер мен оның берешегі туралы құжаттардың (түпнұсқалары мен көшірмелерін), ақпараттың берілуін қамтамасыз етпеген, анық емес деректер ұсынған жағдайларда, берешекті өндіріп алу туралы шартты орындаудан бас тартуға;

5) кредитор "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 61-бабы 11-тармағы 4) тармақшасының екінші бөлігінде және "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-2-бабы 5-тармағының 2-1) тармақшасында көзделген талаптарды сақтаған жағдайда жеке тұлғаның банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарты бойынша кредитормен талап ету құқығын басқаға беру шартын жасасуға;

6) тиісті өкілеттіктері болған кезде сотта және атқарушылық іс жүргізуде кредитордың өкілі ретінде әрекет етуге;

7) борышкермен жасалған банктік қарыз шартында (микрокредит беру туралы шартта) осындай талап болған кезде борышкердің тұрған жері және (немесе) байланыс деректері туралы ақпаратты үшінші тұлғалардан сұратуға;

7-1) сенімгерлік басқару шарты шеңберінде сервистік компания ретінде әрекет етуге құқылы.

Коллекторлық агенттік сенімгерлік басқару шарты шеңберінде:

тараптардың келісімі бойынша өзімен сенімгерлік басқару шарты жасалған тұлға берген өкілеттіктер шеңберінде банктік қарыз шартының немесе микрокредит беру

туралы шарттың талаптарын өзгертуге құқылы. Банктік қарыз шартының және (немесе) микрокредит беру туралы шарттың талаптары "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабы 4-тармағының екінші бөлігіне және "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 4-тармағы екінші бөлігіне сәйкес қарыз алушы үшін жақсартылған жағдайларда, оларды біржақты тәртіппен өзгертуге жол беріледі;

өзімен сенімгерлік басқару шарты жасалған тұлғаның мүдделерін сотта, оның ішінде берешекті өндіріп алу және (немесе) кепіл затына өндіріп алуды қолдану процесінде, білдіруге;

борышкерден өзімен сенімгерлік басқару шарты жасалған тұлғаның мүддесі үшін берешекті өтеу есебіне қолма-қол емес нысандағы ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті, кейіннен осындай ақшаны және (немесе) осындай мүлікті оның пайдасына бере отырып, қабылдауға;

бағалаушылардың, аудиторлардың, заңгерлердің және өзге де консультанттардың көрсетілетін қызметтерін пайдалануға құқылы.

Сервистік компания ретінде әрекет ететін коллекторлық агенттікке сыйақыны, сондай-ақ сенімгерлік басқарумен байланысты шығыстарды банктік қарыз шарттары және (немесе) микрокредит беру туралы шарттар бойынша құқықтарға (талаптарға) ие болған тұлға сенімгерлік басқару шартының талаптарына сәйкес төлейді (өтейді);

8) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, берешекті өндіріп алу туралы шартта және (немесе) құқықты (талапты) басқаға беру шартында және (немесе) сенімгерлік басқару шартында белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

Ескерту. 14-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.07.2022 № 133-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.01.2026 № 259-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) **Зандарымен.**

15-бап. Коллекторлық агенттіктің міндеттері

1. Коллекторлық агенттік:

1) екі жұмыс күні ішінде өзінің борышкермен үлестес екендігі, осындай үлестестіктің негіздері туралы, сондай-ақ коллекторлық агенттіктің шарттық міндеттемелерді орындауына ықпал ететін немесе ықпал ете алатын және (немесе) коллекторлық агенттіктің жеке мүддесі мен кредитордың заңды мүдделері арасында қайшылықтың туындауына не кредитордың заңды мүдделеріне, оның ішінде борышкердің кредитор алдындағы өз міндеттемелерін орындамауына коллекторлық

агенттіктің тікелей немесе жанама түрде мүдделі болуы салдарынан қысым жасалуына алып келуі мүмкін өзге де мән-жайлар туралы ақпаратты кредитордың назарына жеткізуге;

2) тұрған жері не атауы өзгерген жағдайларда, осындай өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті органды жазбаша немесе электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы хабардар етуге және өзінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде тиісті ақпарат орналастыруға;

2-1) коллекторлық агенттіктің борышкерлермен байланыс жасауға арналған телефон нөмірлері өзгерген жағдайларда, осындай өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті органды жазбаша немесе электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы хабардар етуге;

3) коллекторлық қызмет құпиясын сақтауға;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-1) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 23.07.2026 № 352-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-1) кредитор банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға берген кезде коллекторлық агенттіктердің жеке тұлғалардың берешегін реттеуі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес борышкер-жеке тұлғаның берешегін реттеу жөніндегі шараларды қабылдауға;

4) айына бір реттен асырмай, борышкердің және (немесе) оның өкілінің жүгінуі бойынша, жүгіну алынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде, алынған құқықтар (талап етулер) бойынша негізгі борыштың, сыйақының, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының қалдығы туралы мәліметтерді жазбаша нысанда өтеусіз беруге;

4-1) құқықты (талап етуді) коллекторлық агенттік сатып алған банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша берешек толық өтелгеннен кейін ұсынылған борышкердің немесе оның өкілінің жазбаша өтініші бойынша өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде өтеусіз негізде берешектің жоқ екендігі туралы анықтаманы жазбаша нысанда бір рет беруге;

5) кредитордан, борышкерден және үшінші тұлғалардан алынатын құжаттар мен ақпараттың сақталуын, Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес борышкердің және (немесе) оның өкілінің және (немесе) банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт шеңберінде кредиторға міндеттемелері арқылы байланысты болатын үшінші тұлғалардың дербес деректерінің қорғалуын қамтамасыз етуге;

б) өзінің интернет-ресурсына ие болуға;

7) кредитор банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талап етулерді) басқаға берген кезде борышкерден мұндай шартта көзделмеген өзге комиссиялар мен төлемдердің алынуына жол бермеуге;

8) кредитор банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талап етулерді) басқаға берген кезде, Қазақстан Республикасының заңнамасында кредитор мен борышкердің банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт шеңберіндегі өзара қатынастарына, сондай-ақ бастапқы кредитор мен борышкер арасында жасасылған осындай шартқа қойылатын талаптар мен шектеулерді сақтауға;

9) қызметті автоматтандыру және берешекті есепке алу, сондай-ақ борышкермен өзара іс-қимыл жасасу процесін коллекторлық агенттіктің (филиалдың, өкілдіктің) тұрған жеріндегі үй-жайларында аудио- немесе бейнетехника құралдарының көмегімен тіркеу үшін пайдаланылатын мамандандырылған бағдарламалық қамтылымға ие болуға ;

10) мемлекеттік кредиттік бюромен ақпарат беру туралы шарт жасасуға;

11) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісіне сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне есептілік ұсынуға;

11-1) талап ету құқығын басқаға беру шарттары бойынша мәліметтерді өзінің тұрған жеріндегі мемлекеттік кіріс органдарына салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган уәкілетті органмен келісу бойынша белгілеген нысан бойынша тоқсаннан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей ұсынуға;

12) уәкілетті орган анықтаған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жоюға;

13) коллекторлық агенттіктің құрылтайшылары (қатысушылары), басшы қызметкерлері, борышкерлермен және (немесе) олардың өкілдерімен және (немесе) кредитормен банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт шеңберіндегі міндеттемелерге байланысты үшінші тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайтын жұмыскерлері туралы, сондай-ақ филиалдары және (немесе) өкілдіктері туралы мәліметтер өзгерген жағдайларда уәкілетті органды осындай өзгерістер болған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жазбаша немесе электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы хабардар етуге;

14) борышкермен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) үшінші тұлғамен өзара іс-қимыл жасасу процесін аудио- немесе аудиотіркеуі бар бейнетехника құралдарының көмегімен тіркеуге және аудио- және (немесе) бейнежазба материалдарын борышкермен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) үшінші тұлғамен өзара іс-қимыл жасасқан күннен бастап алты ай бойы сақтауға;

15) уәкілетті органға оның сұрау салуы негізінде, оның ішінде борышкерлер мен кредиторлардың келіп түскен шағымдары бойынша мәліметтер, құжаттар мен аудио-және (немесе) бейнежазба (бар болған жағдайда) материалдарын беруге;

16) борышкермен жеке кездесулер арқылы өзара іс-қимыл жасасу кезінде борышкердің тұрғылықты жері бойынша не тұрған жері, не тіркелген жері бойынша, не борышкердің тұрғылықты жері не тұрған жері немесе тіркелген жері болып табылатын елді мекені жайласқан облыстардың әкімшілік орталықтарында филиалдың немесе өкілдіктің болуын қамтамасыз етуге;

16-1) борышкер-жеке тұлғаның және (немесе) оның өкілінің талап етуі бойынша оларды (оны) осы Заңның 16-бабында көзделген құқықтарымен және міндеттерімен таныстыруға;

17) осы Заңның 5-бабы 1-тармағының бірінші абзацында және 4-тармағы бірінші бөлігінің бірінші абзацында көрсетілген тұлғалармен өзара іс-қимыл жасасу кезінде көрсетілген баптың талаптарын бұзған жұмыскердің өкілеттіктерін тоқтату бойынша, оның ішінде уәкілетті орган көрсетілген жұмыскерді шеттету туралы талап қойған жағдайда да шаралар қабылдауға, сондай-ақ босатылған жұмыскер туралы ақпаратты босату күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға беруге;

18) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың оныншы күнінен кешіктірмей, уәкілетті орган айқындаған тәртіппен, коллекторлық агенттіктің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің он немесе одан да көп пайызын өзі дербес немесе басқа тұлғамен (тұлғалармен) бірлесіп тікелей немесе жанама иеленетін және (немесе) пайдаланатын және (немесе) оларға билік ететін немесе бақылау жасайтын тұлғалар туралы мәліметтер ұсынуға;

18-1) сенімгерлік басқару шарты шеңберінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен кредитор мен борышкердің банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт шеңберіндегі өзара қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулерді сақтауға;

18-2) мынадай оқиғалардың бірі басталған:

коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым уәкілетті органның тізіліміне енгізілген;

коллекторлық агенттіктер тізіліміне енгізілген және уәкілетті органның тізіліміне енгізілген коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым бар болған;

коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымдағы өзінің мүшелігін (қатысуын) тоқтатқан күннен кейінгі күнтізбелік тоқсан күн ішінде коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымға кіруге;

18-3) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары мен стандарттарын сақтауға;

18-4) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым белгілеген жарналарды төлеуге;

18-5) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның сұрау салуы бойынша коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым айқындайтын тәртіппен тексеру жүргізу үшін қажетті барлық ақпаратты беруге;

19) осы Заңның 5-бабында көзделген коллекторлық қызметті жүзеге асыру қағидаларын және осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген өзге де талаптарды сақтауға міндетті.

2. Коллекторлық агенттіктер коллекторлық қызметке мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету мақсатында өзінің қызметі туралы уәкілетті орган сұратқан ақпарат пен мәліметтерді береді.

Коллекторлық агенттіктің ақпаратты бермеуі, уақтылы бермеуі немесе Қазақстан Республикасының коллекторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес ұсынылуы талап етілетін мәліметтерді қамтымайтын ақпаратты беруі, анық емес ақпаратты беруі, есептілікті ұсыну мерзімін бұзуы, анық емес, сол сияқты толық емес есептілікті не көрінеу анық емес мәліметтерді ұсынуы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа алып келеді.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 25.12.2017 № 122-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 25.11.2019 № 272-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2021 № 43-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2022 № 133-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 179-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 205-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 205-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.01.2026 № 259-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-бап. Борышкердің және (немесе) оның өкілінің құқықтары мен міндеттері

1. Борышкер және (немесе) оның өкілі:

1) кредитордан, коллекторлық агенттікпен сенімгерлік басқару шартын жасасқан тұлғадан, берешек бойынша борышкерге талап қою құқығы бар коллекторлық агенттіктен коллекторлық агенттік, оның орналасқан жері, коллекторлық агенттікте борышкердің дербес деректерінің болуы, берешектің мөлшері мен құрылымы туралы мәліметтер алуға;

2) коллекторлық агенттіктің талаптарына толығымен, сондай-ақ оның бір бөлігіне, оның ішінде сотта дау айтуға;

3) берешекті осы Заңның 6 және 6-1-баптарында көзделген тәртіппен реттеуге;

4) өзінің берешегі туралы ақпарат алу үшін коллекторлық агенттікпен осы Заңның 5-бабында көзделген кез келген тәсілмен өзара іс-қимыл жасасуға;

5) коллекторлық агенттіктің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасап, уәкілетті органға жүгінуге;

6) берешектің бар немесе жоқ екендігі туралы анықтама алу үшін кредит бюросына, коллекторлық агенттікке және (немесе) кредиторға жүгінуге;

7) коллекторлық агенттіктің жұмыскерлерімен өзара іс-қимыл жасасу процесін аудио- және (немесе) бейнетехника құралдарының көмегімен өзі дербес тіркеуге;

8) жүгіну себептерін негіздей отырып, кредиторға не сенімгерлік басқару шартына сәйкес сенімгерлік басқаруды жүзеге асыратын коллекторлық агенттікке банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындаумен байланысты көрсетілген шарттардың талаптарын өзгерту туралы өтінішпен жүгінуге;

9) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де құқықтарға ие болуға құқылы.

2. Борышкер және (немесе) оның өкілі:

1) коллекторлық агенттікке өзінің тұрғылықты жерінің (заңды мекенжайының) өзгергені, атының, әкесінің атының (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), тегінің ауысуы, жеке басты куәландыратын құжаттарының алмастырылғаны (мерзімі өткен, жоғалған жағдайда) туралы, өздерімен (өзімен) байланысу үшін пайдаланылатын байланыс ақпаратының өзгергені және коллекторлық агенттіктің өздерімен (өзімен) байланысу және өзара іс-қимыл жасасу тәсілінің өзгергені туралы хабарлауға;

2) коллекторлық агенттіктің сұрау салуы бойынша кірістері мен шығыстарының деңгейі, тұрғылықты жері (заңды мекенжайы), Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берешекті өтеу үшін өндіріп алу қолданылуы мүмкін мүлкінің бар-жоғы туралы анық ақпаратты ашуға;

3) осы Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес коллекторлық агенттікпен берешекті реттеу бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;

4) он бес жұмыс күні ішінде кредитор ұсынған берешекті өтеу талаптарын қарауға және коллекторлық агенттікке не кредиторға борышкер үшін қолайлы талаптарды хабарлауға міндетті.

Ескерту. 16-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2022 № 133-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.06.2024 № 97-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 205-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-тарау. КОЛЛЕКТОРЛЫҚ АГЕНТТІКТЕРДІ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ, ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН БАҚЫЛАУ

17-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Ескерту. 17-баптың тақырыбына өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 205-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

1. Коллекторлық агенттіктердің қызметін мемлекеттік реттеуді және бақылауды уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

2. Уәкілетті орган:

1) коллекторлық агенттіктерді есептік тіркеуге алады және олардың тізілімін жүргізеді;

2) алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі);

3) коллекторлық агенттіктің қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

4) коллекторлық агенттіктің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) борышкердің шағымын қарайды;

5) осы Заңда көзделген жағдайларда, сотқа заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру не тарату туралы талап қою береді;

5-1) осы Заңның 2-1-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген мақсаттар мен міндеттерге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес коллекторлық агенттіктердің орындауы үшін міндетті коллекторлық қызметті реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды. Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің тізбесі уәкілетті орган туралы ережеде айқындалады;

6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Алып тасталдын – ҚР 30.06.2025 № 205-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 17-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 205-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

18-бап. Ықпал ету шаралары және оларды қолдану негіздері

1. Коллекторлық агенттік Қазақстан Республикасының коллекторлық қызмет туралы заңнамасын, Қазақстан Республикасының банктік заңнамасын не Қазақстан Республикасының микроқаржылық қызмет туралы заңнамасын бұзған, коллекторлық агенттіктің борышкермен өзара іс-қимыл жасасатын басшы және өзге де жұмыскерлерінің құқыққа сыйымсыз әрекеттері немесе әрекетсіздігі анықталған кезде

уәкілетті орган осы бапта белгіленген ықпал ету шараларын қолданады. Ықпал ету шаралары деп шектеулі ықпал ету шаралары мен санкциялар түсініледі.

Қазақстан Республикасының кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнамасын бұзған кезде коллекторлық агенттікке "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ықпал ету шаралары қолданылады.

2. Уәкілетті орган коллекторлық агенттікке мынадай шектеулі ықпал ету шараларын қолдануға:

1) коллекторлық агенттікке анықталған бұзушылықтарды және (немесе) олардың жасалуына ықпал еткен себептерді, сондай-ақ жағдайларды белгіленген мерзімде жоюға бағытталған орындалуы міндетті түзеу шараларын қабылдау және (немесе) анықталған бұзушылықтарды және (немесе) олардың жасалуына ықпал еткен себептерді, сондай-ақ жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – іс-шаралар жоспары) белгіленген мерзімде ұсыну қажеттігі жөнінде орындалуы міндетті жазбаша нұсқама жіберуге құқылы.

Жазбаша нұсқамада белгіленген мерзімде ұсынылған іс-шаралар жоспарында бұзушылықтардың сипаттамасы және (немесе) олардың жасалуына ықпал еткен себептер, сондай-ақ жағдайлар, жоспарланған іс-шаралар тізбесі, оларды жүзеге асыру мерзімдері, сондай-ақ жауапты лауазымды адамдар көрсетіледі.

Уәкілетті органның жазбаша нұсқамасына шағым жасау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Уәкілетті органның жазбаша нұсқамасына шағым жасау оның орындалуын тоқтата тұрмайды;

2) уәкілетті орган осы ескерту шығарылғаннан кейін бір жыл ішінде Қазақстан Республикасының коллекторлық қызмет туралы заңнамасы, Қазақстан Республикасының банктік заңнамасы не Қазақстан Республикасының микроқаржылық қызмет туралы заңнамасы нормаларының жазбаша ескерту шығарылған бұзушылыққа ұқсас түрде қайталап бұзылғанын анықтаған жағдайда, коллекторлық агенттікке осы баптың 4-тармағында көзделген санкциялардың қолданылуы мүмкін екендігі туралы жазбаша ескерту шығаруға;

3) уәкілетті орган мен коллекторлық агенттік арасында анықталған бұзушылықтарды дереу жою қажеттігі және осы бұзушылықтарды жою мерзімдерін көрсете отырып, оларды жою жөніндегі шаралар тізбесін және (немесе) коллекторлық агенттік анықталған бұзушылықтар жойылғанға дейін өзіне қабылдайтын шектеулер тізбесін бекіту қажеттігі туралы жазбаша келісім жасасуға құқылы.

Жазбаша келісімге коллекторлық агенттік тарапынан міндетті түрде қол қойылуға тиіс;

4) коллекторлық агенттіктің борышкермен өзара іс-қимыл жасасатын басшы жұмыскерін не өзге де жұмыскерін шеттету туралы талап қоюға құқылы.

3. Коллекторлық агенттік уәкілетті органды жазбаша нұсқамада және жазбаша келісімде көзделген мерзімдерде осы құжаттарда көрсе тілген шаралардың орындалуы туралы хабардар етуге міндетті.

Егер бұзушылықты жою үшін белгіленген мерзім бір айдан асатын болса, коллекторлық агенттік ай сайын айдың жиырмасыншы күнінен дейін уәкілетті органды анықталған бұзушылықтарды және (немесе) олардың жасалуына ықпал еткен себептерді, сондай-ақ жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралардың орындалуы туралы хабардар етеді.

Бір шектеулі ықпал ету шарасын қолдану Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда басқа шектеулі ықпал ету шараларының қолданылуын жоққа шығармайды, бұрын қабылданған шаралардың қолданылуын тоқтата тұрмайды және тоқтатпайды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-тармақ жаңа редакцияда көзделген – ҚР 23.07.2026 № 352-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4. Уәкілетті орган санкциялар ретінде:

1) осы Заңның 9-бабы 1-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен коллекторлық агенттікті коллекторлық агенттіктер тізілімінен шығаруды;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер бойынша коллекторлық агенттікке айыппұл салуды және одан айыппұлды өндіріп алуды қолдануға құқылы.

5. Уәкілетті органның коллекторлық агенттікке осы бапта көзделген ықпал ету шараларын қолдану туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 179-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.01.2026 № 259-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

19-бап. Коллекторлық агенттіктің қызметін мемлекеттік бақылау

Коллекторлық агенттіктердің қызметін мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган " Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда – ҚР 02.07.2018 № 168-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-1-тарау. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым

Ескерту. 4-1-тараумен толықтырылды – ҚР 16.01.2026 № 259-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

19-1-бап. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымды құру

1. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым деп коллекторлық агенттіктердің міндетті мүшелігіне (қатысуына) негізделген, өз мүшелерінің (қатысушыларының) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары мен стандарттарының талаптарын сақтауы бөлігінде олардың қызметін бақылау үшін құрылған, коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның тізіліміне енгізілген өзін-өзі реттейтін ұйым танылады.

2. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым коммерциялық емес ұйым болып табылады және қауымдастық (одақ) нысанында құрылады.

3. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметі осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен, коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысымен, стандарттарымен және қағидаларымен, сондай-ақ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметін жүзеге асыру тәртібімен реттеледі.

Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметін жүзеге асыру тәртібі мыналарды:

1) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның бюджетті жасауына қойылатын талаптарды;

2) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның басшы қызметкерлері туралы мәліметтерді;

3) өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімінен шығарылған коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның өз қызметі барысында пайда болған, сондай-ақ мүшелердің (қатысушылардың) қызметіне қатысты құжаттар мен мәліметтерді коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін басқа ұйымға немесе уәкілетті органға беру тәртібін белгілейді.

4. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым құрамында мүшелері (қатысушылары) ретінде коллекторлық агенттіктердің жалпы санының кемінде жиырма бір пайызын біріктіруге тиіс. Коллекторлық агенттіктердің жалпы саны уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылатын ақпараттың негізінде айқындалады.

Коллекторлық агенттік коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін бір ұйымның ғана мүшесі (қатысушысы) бола алады.

5. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның атауында "коллекторлық агенттіктердің өзін-өзі реттейтін ұйымы" деген сөздер міндетті түрде болуға тиіс.

Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның атауында "ұлттық", "мемлекеттік", "республикалық" немесе "орталық" деген сөздерді кез келген тілде толық немесе қысқартылған түрде пайдалануға тыйым салынады.

Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның атауы ретінде коллекторлық агенттіктердің атауымен бірдей немесе оларға айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілерді пайдалануға жол берілмейді.

6. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Өзін-өзі реттеу туралы заң) 9-бабы 4-тармағының үшінші бөлігінде белгіленген мерзімдерде уәкілетті органға мынадай мәліметтер мен құжаттарды ұсынады:

1) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның жалпы жиналысы бекіткен жарғының көшірмесі;

2) Өзін-өзі реттеу туралы заңда, осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес әзірленген және коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның алқалы басқару органы бекіткен коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары мен стандарттары;

3) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымда мүліктік жауапкершілікті қамтамасыз етудің бір немесе бірнеше тәсілдерінің бар екенін растайтын мәліметтер мен құжаттар;

4) атқарушы басқару органының басшысы қол қойған, коллекторлық агенттіктердің жалпы санының кемінде жиырма бір пайызын қамтитын коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) тізілімінен үзінді көшірме;

5) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның осы Заңға сәйкес өз өкілеттіктерін орындау мүмкіндігін растайтын бюджеті.

Коллекторлық қызмет саласындағы өзін өзі реттейтін ұйымның бюджетті жасауына қойылатын талаптар уәкілетті органның осы баптың 3-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді;

6) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның басшы қызметкерлерінің осы Заңның 12-бабының 1 және 2-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын мәліметтер мен құжаттар. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін өзі реттейтін ұйымның басшы қызметкерлері туралы мәліметтер уәкілетті органның осы баптың 3-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген нормативтік құқықтық актісіне сәйкес ұсынылады.

Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның басшы қызметкерлері болып алқалы басқару органының басшысы, оның орынбасары және мүшелері, атқарушы басқару органының басшысы, оның орынбасары және атқарушы басқару органының мүшелері танылады.

19-2-бап. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары мен стандарттары

1. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары Өзін-өзі реттеу туралы заңның 20-1-бабында көзделген талаптардан басқа, мыналарды қамтуға тиіс:

1) кіру жарналары мен мүшелік жарналардың мөлшері және (немесе) оларды есептеу тәртібі, төлеу тәртібі;

2) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым қызметкерлерінің кәсіби әдебінің қағидалары;

3) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның өз интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібі, оның тізбесі, нысандары мен мерзімдері;

4) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым өз бетінше айқындайтын өзге де ережелер.

2. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның стандарттары Өзін-өзі реттеу туралы заңның 20-2-бабында көзделген талаптардан басқа, коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) борышкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауы жөніндегі ережелерді және коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым өз бетінше айқындайтын өзге де ережелерді қамтуға тиіс.

19-3-бап. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның құзыреті

1. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның құзыретіне мыналар жатады:

1) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелеріне (қатысушыларына) тексерулер ұйымдастыру мен жүргізудің коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым белгілейтін тәртібіне сәйкес, коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары мен стандарттарының талаптарын сақтауы тұрғысынан оларға тексерулер жүргізу;

2) берешегі оның мүшесіне (қатысушысына) берілген борышкерлердің және берешегін сотқа дейінгі өндіріп алу және реттеу жөніндегі қызметтерді оның мүшесі (қатысушысы) көрсететін кредиторлардың жолданымдарын коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидаларында белгіленген тәртіппен қарау.

Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым берешегі коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшесіне (қатысушысына) берілген

борышкердің және берешегін сотқа дейінгі өндіріп алу және реттеу жөніндегі қызметтерді коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшесі (қатысушысы) көрсететін кредиторлардың жолданымын қарау коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның құзыретіне жатқызылған осындай жолданымды бір жұмыс күні ішінде және жолданым тіркелген күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде тіркеуді қамтамасыз етеді, көрсетілген жолданымның көшірмесін өзіне қатысты жолданым берілген коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшесіне (қатысушысына) жібереді.

Жолданымдарды қарау мерзімі олар тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Жолданымды дұрыс қарау үшін маңызы бар нақты мән-жайларды анықтау қажет болған жағдайда, қарау мерзімі он бес жұмыс күніне ұзартылуы мүмкін, бұл туралы өтініш берушіні мерзімді ұзарту туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2) тармақшаның бесінші бөлігіне өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 23.07.2026 № 352-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Жолданымды қарау нәтижелері бойынша коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым өтініш берушіге жазбаша нысанда немесе цифрлық объектілер арқылы не коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидаларында көзделген өзге де тәсілмен жауап жіберуге міндетті.

Өзіне қатысты жолданым берілген коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшесі (қатысушысы) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымға көрсетілетін қаржы қызметтерін тұтынушының жолданымын қарау нәтижелері туралы коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидаларында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде хабар береді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2) тармақшаның жетінші абзацы 01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі – ҚР 16.01.2026 № 259-VIII Заңымен (мәтін алып тасталды).

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2) тармақшаның жетінші бөлігіне өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 23.07.2026 № 352-VIII (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3) өз мүшелерінің (қатысушыларының) жолданымдарын қарау;

4) өз мүшелерінің (қатысушыларының) есептілігін талдауды жүзеге асыру;

5) өз мүшелері (қатысушылары) борышкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына жол бермеу жөніндегі шараларды іске асыруда өз мүшелеріне (қатысушыларына) жәрдемдесу;

6) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның осы Заңның 19-6-бабының 4-тармағында көзделген қағидалары мен стандарттарын бұзғаны үшін өз мүшелеріне (қатысушыларына) қатысты ықпал ету шараларын қолдану;

7) коллекторлық агенттіктердің қызметін одан әрі жетілдіру мен дамыту бойынша құқық қолдану практикасын қорыту және ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу;

8) өз мүшелерінің (қатысушыларының) тізілімін жүргізу;

9) мүшелік жарналарды жинау және коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның мүлкін Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған басқа да көздерден қалыптастыру.

Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым:

коллекторлық агенттік берешекті өндіріп алу туралы шарт негізінде жүзеге асыратын банктік қарыз шарты бойынша және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті өндіріп алумен байланысты мәселелер бойынша жолданымдарды;

қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушы заңды тұлғалардың аталған тұлғалар мен банктік қарыз шарты бойынша және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап) берілген коллекторлық агенттік арасындағы құқықтық қатынастардан туындайтын мәселелер бойынша;

коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жолданымдарын;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

9) тармақшаның алтыншы абзацы 01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі – ҚР 16.01.2026 № 259-VIII Заңымен (мәтін алып тасталды).

2. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым уәкілетті органның коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары мен стандарттарын келісуі кезеңінде осы баптың 1-тармағының 1), 2), 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген функцияларды жүзеге асыруға құқылы емес.

3. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның басшы қызметкерлері осы Заңның 12-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарға сай келмеген жағдайда, коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым осы баптың 1-тармағының 1), 2), 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген функцияларды жүзеге асыруға құқылы емес.

19-4-бап. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның құқықтары мен міндеттері

1. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның құқықтары мен міндеттері осы Заңда, сондай-ақ Өзін-өзі реттеу туралы заңда айқындалады.

2. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым:

1) қаржы ұйымдарының акцияларын және (немесе) жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін сатып алуға;

2) өзге де тұлғалардың міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін өзіне тиесілі мүлікті кепілге беруге;

3) өз міндеттемелерінің орындалуын өз мүшелерінің (қатысушыларының) мүлік кепілімен, сондай-ақ олар берген кепілдіктермен және кепілгерліктермен қамтамасыз етуге;

4) кепілгер немесе кепілдік беруші ретінде әрекет етуге құқылы емес.

3. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның атқарушы басқару органының басшысы, оның орынбасары және мүшелері:

1) қаржы ұйымдарымен және коллекторлық қызмет саласындағы басқа да өзін-өзі реттейтін ұйымдармен бір мезгілде еңбек қатынастарында және өзге де қатынастарда болуға;

2) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері (қатысушылары) эмитенттері болып табылатын бағалы қағаздарды сатып алуға;

3) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелерімен (қатысушыларымен) кепілгерлік немесе кепілдік шарттарын жасасуға құқылы емес.

4. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым:

1) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның өз мүшелерінің (қатысушыларының) орындауы үшін міндетті қағидалары мен стандарттарын бекітуге және оларды уәкілетті органмен келісуге;

2) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымға мүшелерді (қатысушыларды) қосу туралы және одан шығару туралы растайтын құжаттарды қоса бере отырып, шешім қабылданған күннен кейінгі үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органды хабардар етуге;

3) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның басшы қызметкерінің осы Заңның 12-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарға сай келмейтіні туралы, сондай-ақ оны ауыстыру туралы уәкілетті органды хабардар етуге;

4) уәкілетті органның осы Заңның 19-1-бабының 3-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген нормативтік құқықтық актісіне сәйкес оның басшы қызметкерлерінің тағайындалуын (сайлануын), басқа лауазымға ауыстырылуын немесе еңбек шартын бұзуын (өкілеттіктерін тоқтатуын) қоса алғанда, олардың құрамында болған өзгерістер туралы бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органды хабардар етуге;

5) уәкілетті органның сұрау салуы бойынша оған жүктелген мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау функцияларын орындау үшін қажетті ақпаратты, мәліметтерді және құжаттарды уәкілетті органға беруге;

6) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның мекенжайының (тұрған жерінің), оның ішінде коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның пошта мекенжайының, электрондық пошта мекенжайының, байланыс телефондары нөмірлерінің, интернет-ресурсының мекенжайының өзгергені туралы уәкілетті органды хабардар етуге;

7) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысына енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы хабардар етуге;

8) өз мүшесінің (қатысушысының) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары мен стандарттарының талаптарын бұзғаны, сондай-ақ осы Заңның 19-6-бабының 3-тармағына сәйкес өз мүшелеріне (қатысушыларына) қатысты қолданылған ықпал ету шаралары туралы уәкілетті органға хабар беруге;

9) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері (қатысушылары) мен өз мүшелерінің (қатысушыларының) борышкерлері және қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы өзге де тұлғалар арасындағы дауларды қарау жөніндегі орган құру туралы уәкілетті органға хабар беруге;

10) тізбесі, нысандары, ұсыну мерзімдері мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленетін есептілікті уәкілетті органға ұсынуға;

11) Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің ақпаратты қорғауға қойылатын талаптарын сақтай отырып, орналастыру тәртібі коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидаларында белгіленетін ақпаратты өзінің интернет-ресурсында орналастыруға міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3), 4), 6), 7), 8) және 10) тармақшаларында көзделген жағдайларда коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның уәкілетті органды хабардар етуі (оған хабар беруі) жазбаша не электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

5. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметкерлері қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын, өздеріне белгілі болған мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті.

6. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметкерлері өз мүшелерінің (қатысушыларының) қызметіне бақылауды жүзеге асыру барысында алынған ақпаратқа қатысты құпиялылықты сақтауға міндетті.

7. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым өзінің мүліктік жауапкершілігін және өз мүшелерінің (қатысушыларының) борышкерлер алдындағы мүліктік жауапкершілігін қамтамасыз ету үшін мынадай тәсілдердің бірін қолданады:

1) мүшенің (қатысушының) және коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

2) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелерін (қатысушыларын) мүліктік жауапкершілікке тарту;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мүліктік жауапкершілікті қамтамасыз етудің өзге де тәсілдерін пайдалану.

Мүліктік жауапкершілікті қамтамасыз ету тәсілдерін пайдалану тәртібі коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидаларында белгіленеді.

19-5-бап. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның басқару органдары

1. Мыналар коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның басқару органдары болып табылады:

1) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысы;

2) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның алқалы басқару органы;

3) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның атқарушы басқару органы;

4) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның бақылау органы (ревизиялық комиссия).

Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның басқару органдарын қалыптастыру тәртібі, олардың құрылымы, құзыреті және өкілеттіктерінің мерзімі, осы органдардың шешімдер қабылдау тәртібі осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысында белгіленеді.

2. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысы жоғары басқару органы болып табылады, ол осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен және оның жарғысымен өз құзыретіне жатқызылған, коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің мәселелерін қарауға өкілетті.

Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысы коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысында белгіленген тәртіппен және кезеңділікпен, бірақ жылына бір реттен сиретпей шақырылады.

3. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналасының айрықша құзыретіне мыналар жатады:

1) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысын бекіту, оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;

2) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің басым бағыттарын айқындау;

3) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымды ерікті түрде тарату және тарату комиссиясын тағайындау туралы шешім қабылдау;

4) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның алқалы басқару органының басшысын, орынбасарын және мүшелерін сайлау, көрсетілген органның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату немесе басшылардың не оның жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

5) өзін-өзі реттейтін ұйымның атқарушы басқару органының функцияларын жүзеге асыратын адамдарды лауазымға тағайындау, оларды лауазымнан мерзімінен бұрын босату, сол сияқты атқарушы басқару органын құру және оның өкілеттіктерін тоқтату;

6) алқалы және атқарушы басқару органдарының, бақылау органының (ревизиялық комиссияның) және мамандандырылған органдардың есептерін коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысында белгіленген тәртіппен және кезеңділікпен бекіту;

7) кіру жарнасы мен мүшелік жарналардың мөлшерін белгілеу;

8) мүліктік жауапкершілікті қамтамасыз ету тәсілдерін айқындау;

9) Қазақстан Республикасының заңдарына және коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысына сәйкес өзге де шешімдер қабылдау.

4. Егер коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысына коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жартысынан көбі қатысса, жиналыс өз құзыретіне жатқызылған шешімдерді қабылдауға құқықты.

5. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының шешімдері – жалпы жиналысқа қатысатын коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) дауыстары санының көпшілік дауысымен немесе ол сырттай дауыс беру арқылы өткізілген жағдайда коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелері (қатысушылары) дауыстарының жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.

6. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысын өткізу тәртібі, отырыстардың күн тәртібін қалыптастыру тәртібі, дауыс беруді өткізу шарттары мен тәртібі коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысында айқындалады.

7. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымға басшылық етуді коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысында сайланған коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның алқалы басқару органы жүзеге асырады.

Алқалы басқару органының сандық құрамы, оны қалыптастырудың, оның қызметінің, шешімдер қабылдауының, өкілеттіктері тоқтатылуының тәртібі мен шарттары коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысында белгіленеді.

8. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның алқалы басқару органының құзыретіне мыналар жатады:

1) мәселелерді коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының қарауына шығару;

2) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелері (қатысушылары) болып кіру және коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымға мүшелікті тоқтату туралы шешім қабылдау;

3) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның мамандандырылған органдарын құру, олар туралы ережелерді және олардың қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту;

4) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның бюджетін бекіту, оған өзгерістер енгізу;

5) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары мен стандарттарын бекіту және оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;

6) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысында көзделген өзге де мәселелер.

Алқалы басқару органы коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелері (қатысушылары) өкілдерінің, сондай-ақ тәуелсіз мүшелерінің қатарынан қалыптастырылады.

Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның алқалы басқару органы мүшелерінің саны кемінде жеті адамды құрауға тиіс.

Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйыммен немесе оның мүшелерімен еңбек қатынастары жоқ адамдар тәуелсіз мүшелер болып саналады. Тәуелсіз мүшелер коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның алқалы басқару органы мүшелерінің кемінде бестен бірін құрауға тиіс.

Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның алқалы басқару органының әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады.

Алқалы басқару органының мүшесі өзі акционері (қатысушысы), қызметкері болып табылатын коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшесіне (қатысушысына) қатысты мәселелер бойынша дауыс бере алмайды.

9. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның атқарушы басқару органы:

1) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның жұмысын ұйымдастырады, коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымға жүктелген міндеттердің орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

2) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде, басқа да ұйымдарда коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның мүдделерін білдіреді;

4) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының және оның алқалы басқару органының құзыретіне жатпайтын өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

10. Бақылау органы (ревизиялық комиссия) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның басқару органдары мен олардың лауазымды адамдарының қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның органы болып табылады.

Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның бақылау органы (ревизиялық комиссия) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысына есеп береді және оның бақылауында болады.

Бақылау органының (ревизиялық комиссияның) есептерін ұсыну тәртібі мен мерзімдері коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысында айқындалады.

19-6-бап. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның өз мүшелерінің (қатысушыларының) қызметін бақылауы

1. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым өз мүшелерінің (қатысушыларының) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары мен стандарттарының талаптарын сақтауын бақылауды тексерулер жүргізу арқылы жүзеге асырады.

2. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелерін (қатысушыларын) тексеру:

1) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымға мүше болу (қатысу) шарттарын, сондай-ақ коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары мен стандарттарын сақтауын бақылау мақсатында;

2) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым мүшесінің (қатысушысының) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары мен стандарттарының талаптарын не Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзғаны туралы шағым түскен кезде;

3) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшесіне (қатысушысына) тексеру жүргізу туралы уәкілетті органның тапсырмасы бойынша жүзеге асырылады.

3. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары мен стандарттарын сақтамағаны үшін өз мүшелеріне (қатысушыларына) қатысты мынадай ықпал ету шараларын қолдануға құқылы:

1) анықталған бұзушылықтарды белгіленген мерзімдерде міндетті түрде жою туралы талап қою;

2) жазбаша нысанда ескерту шығару;

3) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидаларында белгіленген мөлшерде айыппұл салу;

4) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелерін (қатысушыларын) тізілімнен шығару;

5) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидаларында белгіленген, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шаралар.

4. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелеріне (қатысушыларына) қатысты осы баптың 3-тармағында көзделген ықпал ету шараларын қолдану тәртібі коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидаларында айқындалады.

19-7-бап. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімі және оларды тізілімнен шығару

1. Уәкілетті орган коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімін жүргізеді.

2. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімінде қамтылған мәліметтер ашық мәліметтер болып табылады, олар уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады және жаңартылып отырады.

Осы Заңның 19-1-бабы 4-тармағының талаптарына сәйкес келетін коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым туралы мәліметтер "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес хабарлама негізінде коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізіліміне енгізіледі.

3. Мыналар коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімінен шығаруға негіз болып табылады:

1) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымды тізілімнен ерікті түрде шығару, тарату немесе біріктіру, қосу, бөлу немесе бөліп шығару нысанында жүргізілген қайта ұйымдастыру туралы шешімі;

2) Өзін-өзі реттеу туралы заңның 9-бабы 4-тармағының үшінші бөлігінде және осы Заңның 19-1-бабының 5-тармағында көзделген құжаттарды екі ай ішінде ұсынбау;

3) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметін тоқтату туралы заңды күшіне енген сот шешімі;

4) уәкілетті органның жазбаша нұсқамасын жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан көп рет) орындамау;

5) уәкілетті органға есептілікті бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан көп рет) ұсынбау және (немесе) анық емес есептілікті ұсыну;

6) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде осы Заңның 19-1-бабының 4-тармағында белгіленген талапқа сәйкес келмеуі.

4. Уәкілетті орган коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымды осы баптың 3-тармағында көзделген негіздер бойынша тізілімнен шығару туралы

шешім қабылдағаннан кейін бір жыл ішінде мұндай коммерциялық емес ұйым коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым ретінде қызметті жүзеге асыру мүмкіндігіне ие бола алмайды.

5. Тізілімнен шығарылған коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері (қатысушылары) болып табылған коллекторлық агенттіктерге қатысты осы Заңның 19-3-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4) және 6) тармақшаларында және 19-6-бабында белгіленген оның функциялары коллекторлық агенттік коллекторлық қызмет саласындағы осындай өзін-өзі реттейтін ұйымға кірген күннен бастап тиісті түрдегі коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін өзге ұйымға ауысады, ал жұмыс істеп тұрған тиісті түрдегі коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым болмаған жағдайда коллекторлық агенттік тиісті түрдегі коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның тізіліміне енгізілген және коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін осындай ұйымға кірген күнге дейін уәкілетті органның бақылауы мен қадағалауында қалады.

6. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымдар тізілімінен шығарылған жағдайда, коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым, оның мүшелері (қатысушылары) және борышкерлер арасындағы құқықтық қатынастардан қалыптасқан және туындайтын барлық құжат пен мәліметті мүшелерінің (қатысушыларының) құрамына өзін-өзі реттейтін ұйымдар тізілімінен шығарылған коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері (қатысушылары) кірген коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін басқа ұйымға, ал жұмыс істеп тұрған коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым болмаған жағдайда уәкілетті органға беруге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттар мен мәліметтер уәкілетті органға берілген кезде уәкілетті орган берешек бойынша құқықты (талапты) басқаға беру нәтижесінде туындаған кредитор құқығы бар, коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшесі (қатысушысы) және борышкер арасындағы құқықтық қатынастардан туындайтын міндеттемелерді, сондай-ақ коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның үшінші тұлғалармен құқықтық қатынастарынан туындайтын мүліктік сипаттағы өзге де міндеттемелерді атқармайды.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар мен мәліметтерді беру тәртібі уәкілетті органның осы Заңның 19-1-бабының 3-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

7. Осы баптың 7-тармағында көрсетілген материалдарды беру жөніндегі міндетті орындамағаны үшін тізілімнен шығарылатын коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның басшы қызметкері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

19-8-бап. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымға қолданылатын ықпал ету шаралары және оларды қолдану негіздері

1. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым осы Заңның және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарының, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметіне қойылатын талаптарын, қағидалар мен стандарттарды сақтамаған кезде, сондай-ақ коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның басшы қызметкерлерінің құқыққа сыйымыз әрекеттері немесе әрекетсіздігі анықталған кезде уәкілетті орган осы бапта белгіленген ықпал ету шараларын қолданады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақтың екінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген – ҚР 23.07.2026 № 352-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ықпал ету шаралары деп орындалуы міндетті жазбаша нұсқама және санкциялар түсініледі.

2. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымға анықталған бұзушылықтарды және (немесе) олардың жасалуына ықпал еткен себептерді, сондай-ақ жағдайларды жоюға бағытталған орындалуы міндетті шараларды қабылдауға берілетін нұсқау жазбаша нұсқама болып табылады.

Жазбаша нұсқамада уәкілетті органның осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген талаптарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – іс-шаралар жоспары) уәкілетті орган белгілеген мерзімде ұсыну туралы талап қамтылуы мүмкін.

Жазбаша нұсқамада белгіленген мерзімде ұсынылған іс-шаралар жоспарында бұзушылықтардың, олардың туындауына алып келген себептердің сипаттамалары, жоспарланған іс-шаралардың тізбесі, оларды жүзеге асыру мерзімі, сондай-ақ коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның жауапты басшы қызметкерлері көрсетіледі.

Уәкілетті органның жазбаша нұсқамасына шағым жасау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Уәкілетті органның жазбаша нұсқамасына шағым жасау оның орындалуын тоқтата тұрмайды.

Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым уәкілетті органды жазбаша нұсқамада көрсетілген шаралардың және (немесе) іс-шаралар жоспарында көрсетілген іс-шаралардың осы құжаттарда көзделген мерзімдерде орындалғаны туралы хабардар етуге міндетті.

3. Жазбаша нұсқама уәкілетті орган белгілеген мерзімде орындалмаған жағдайда уәкілетті орган коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымға коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның басшы қызметкерін шеттету және (немесе) осы Заңның 19-3-бабында көзделген коллекторлық қызмет

саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның барлық функциясының немесе олардың бір бөлігінің атқарылуын тоқтата тұру туралы талап жіберуге құқылы.

Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның басшы қызметкері шеттетілген жағдайда оны алмастыру тәртібі мен міндеттерді орындау мерзімдері коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидаларында айқындалады.

4. Уәкілетті орган коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымға осы Заңның 19-7-бабы 3-тармағының 2), 4), 5) және 6) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімінен шығару түріндегі санкцияны қолдануға құқылы.

19-9-бап. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымға мүшелікті (қатысуды) тоқтату

1. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымға коллекторлық агенттіктің мүшелігін (қатысуын) тоқтатуға мыналар негіз болып табылады:

1) коллекторлық агенттіктің коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымға мүшелігін (қатысуын) ерікті түрде тоқтату коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидаларында белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылады ;

2) коллекторлық агенттікті коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның шешімі бойынша коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері (қатысушылары) қатарынан шығару коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның алқалы басқару органы осындай шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап жүзеге асырылады;

3) коллекторлық агенттікті коллекторлық агенттіктер тізілімінен шығару уәкілетті орган осындай шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап жүзеге асырылады;

4) коллекторлық агенттікті тарату осы Заңға сәйкес коллекторлық агенттік таратылған күннен бастап жүзеге асырылады;

5) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметін тоқтату коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметі тоқтатылған күннен бастап жүзеге асырылады.

2. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым мынадай:

1) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым мүшесі (қатысушы) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары мен стандарттарының талаптарын бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан көп рет) сақтамаған;

2) мүше (қатысушы) мүшелік жарналарды бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан көп рет) төлемеген;

3) коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымға мүше (қатысушы) болуға қабылдау үшін мүше ұсынған құжаттарда анық емес мәліметтер анықталған

жағдайда коллекторлық агенттікті коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері (қатысушылары) қатарынан шығару туралы шешім қабылдауға құқылы.

3. Коллекторлық агенттік өзінің коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымға мүше (қатысушы) болуына байланысты төлеген кіру жарнасы және мүшелік жарналар коллекторлық агенттіктің коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымға мүше (қатысушы) болуы тоқтатылған кезде қайтарылуға жатпайды.

4. Коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымға мүше (қатысушы) болуға қабылдаудан бас тарту немесе оның мүшелері (қатысушылары) қатарынан шығару туралы коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның шешіміне, сондай-ақ коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйым мүшесінің (қатысушысының), оның мүшелеріне (қатысушыларына) кандидаттың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын коллекторлық қызмет саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) сотқа шағым жасауға болады.

5-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

20-бап. Қазақстан Республикасының коллекторлық қызмет туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының коллекторлық қызмет туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

21-бап. Өтпелі ережелер

1. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін коллекторлық қызмет белгілеріне ие қызметті жүзеге асырған ұйымдар осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай ішінде әділет органдарында коллекторлық агенттік ретінде қайта тіркелуге жатады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген талап сақталмаған кезде ұйымдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қайта ұйымдастырылуға не мәжбүрлеп таратылуға жатады.

22-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Н. НАЗАРБАЕВ